

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады



Жас өркен Қостанай



6 (97) қараша-желтоқсан 2018 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хусаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хусаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Гүлнұр Кәкімбек
менеджер-дизайнер
Әйгерім Шаяхметова

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.



Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұланғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

**ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан**

ТУЫСТАС ТҮРІК ЕЛІНДЕ

Кұлақпен естігеннен көзбен көрген артық. Түркия топырағына тағы да табанымыз тиді. Түрік жерінде жүргенде Мағжанның «Түркістан ер түркінің бесігі қой, Түркістан екі дүние есігі ғой» деген жолдары ойға оралды. Акынның Ататүрікке арнап жазылған, «Алыстағы бауырыма» деп аталатын өлеңі түрік тіліне аударылып, үлкен таралыммен тарайтын журналдарда түрік және орыс тілдерінде жарық көріпті. Оның түрік тіліндегі нұсқасы «Ұзаққа, алыс сапар шеккен қардашым» деген жолдардан басталады. Қардашым қазақ тіліндегі қарындас деген сөзбен бірдей, бауырым, кандасым дегені. Түрік десе жүрегі қан жылаған Мағжан Жұмабаев осы жырында:

*Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.*

Қамаған қалың жсаудың ортасында,

Қол қылып көздің жсасын төккен бауырым! – деп туысқан түрік жұртымен бірге қайғырып, мұнына мұңдасып:

*Япырмай, айырылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жсаудан оқтан?*

Түріктің жолбарыстай жүрегінен,

Шынымен қорқақ құл боп жсаудан бұққан?!

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жсаны,

Шынымен, ауырды ма, бітім халы?!

От соңіп жүректегі, құрыды ма

Қайнаған тамырдағы ата қаны?! – деп бір жағынан торықса, бір жағынан бауырластарының қайратын қайрады, жігерін шыңдады. Түріктер қазақ ақынының аталмыш өлеңінің Мұстафа Кемал Ататүрік бас болған ұлттық көтерілістің туы тігіліп, Түркия жерін жатжұрттықтардан босату кезінде жазылғанын жақсы біледі. Ал арада 70 жыл уақыт өткен соң түрік шайыры Фейзуллах Будак «Мағжанға жауап» деп аталған өлеңін жазды.

Мәселе түркі мен түрікте емес. Түркі мен түріктің арғы аталарының бір екеніне ешкім таласа қоймас. Түріктердің өздері де түбіміз Түркістан деп айтып отырғанын талай естідік. 1071 жылы қыпшақтар Кіші Азияға жетіп, осман түріктерінің негізін қалағаны тарихтан белгілі. Бауырлас, тамырлас түрік елінде қазақ елін білмейтін адам жоқтың қасы. Түріктердің көпшілігі қазақ жерін атажұрт, ал өздері қоныс еткен жерді анажұрт деп есептейді. Анатолия түбегінің атауын да олар анамыздай ықылас көрсеткен жер, киелі топырақ деген ұғыммен байланыстырады.

Түркітілдес шайырлардың халықаралық фестивалі Адана қаласында өтті. Оған әлемнің жиырма бес елінен жүзден артық акын қатысты. Адана екі миллионға жуық тұрғыны бар қала екен. Осы сапарда қалалық Мәдениет сарайында өткен әрі кешінде маған да сөз тиді. Көпшілік алдында мән әлі сиясы кеуіп үлгермеген, Түркия топырағында туған жырымды оқыдым:

Ұйқысы қапбаған Адана шаһары.

Жым-жырт түн...

Аспанды торлаған бұлттар да сұрғылт тым.

Көшеде жарқырап жанып тұр жарық шам,

Тосыннан келетін жыр күттім.

Естілді дауысы азанның,

Азанның дауысы – ғажап үн.

О, таптым!

Намазға шақырған



Сол үнді жыр қылып жсазамын.

Оянған азанның дауысынан

Бұлттың да көз жсасы бар шығар.

Терезе сыртында әйнекті

Қағды мөп-мөлдір тамшылар...

Өртүрлі елден келген акындар бірінен бірі өтеді.

Мәселен, Halise Tekbaş түрік шайыры, Хасанбой Ғойиб өзбек шайыры, İlgar Turkoglu әзірбайжан шайыры бір-бірімен тілмашсыз-ақ тіл табысып жатқанын көзіміз көрді. Бұл елдер латын әрпіне көшкендіктен олардың аты-жөні де сол қалпында беріп отырмыз. Татарстаннан келген «Казан утлары» журналының бас редакторы Рустам Галиуллин Мағжан өлеңдерін журналда жариялағанын, алдағы уақытта да татар-қазақ байланыстары жалғаса беретінін тілге тиек қылды.

Түріктермен тілдесе қалсаңыз тілмашсыз да түсінісез, түрікше айтсақ, не дегенін аңлайсыз. Қазақ айтып жүрген Қожанасыр әңгімелері оларда да сол қалпында айтылатынына куә боласыз. Қорқыт ата, Әбу-Насыр әл-Фараби, Әбу-Сина, Ахмет Иассауи секілді асылдарымыздан қалған қымбат қазына түркі тілдес халықтарға ортақ мұра екенін түйсінгенде кеуденді мақтаныш сезімі кернейді. Қалай болған күнде де бес ғасыр бойы дәурен сүрген селжұқтар мен алты ғасыр жасаған Осман империясының мұрагері болған бүгінгі түрік елі қазақпен тілі бір, діні бір жұрт екенін бұған дейін Түркияны мүлде көрмеген, танып-білмеген қарапайым кісі де бірден байқайды. Кейінгі кездері екі ел арасында орныққан қарым-қатынас игі жемісін беріп жатқаны даусыз.

Түркияның білім саласын дамытуға көңіл бөлуі сүйсіндіреді. Қала әуліінің (біздерде әкім) және полиция мүдiрiнiң (бастығының) қабылдауында болғанымызда таң қалғанымыз олардың кабинеттерi өте қарапайым, бiздiң шеңунiктердей «ат шаптырым» емес, шағын ғана ыңғайлы жұмыс бөлмесi екенiн байқадық. Лицейлер мен басқа да оқу орындары басшыларының кабинеттерi аталған бастықтардың жұмыс бөлмесiнен екi-үш есе үлкен. Ұстаздарға деген ықыласқа ырза боласың. Әрбiр лицейде спорт залы және футбол алаңы бар. Бүйiрлерiмен қатар төбесi де түгелдей тормен қоршалған футбол алаңқайына жауын жауса суды жерге өткiзiп жiберетiн табанға жұмсақ төсенiш төселген. Осындай бiр футбол алаңына 50 мың АҚШ доллары жұмсалады екен.

Бiзде ертеден қалыптасқан мектеп қоңырауын олар құлаққа жағымды сазбен ауыстырған. Сабактар арасындағы үзiлiсте музыка ойналады. Оқушы ұлдар да, қыздар да арнаулы үлгiде тiгiлген киiм киедi.

Мектептiң кiреберiсiнен бастап баспалдақтарына дейiн, дәлiздерi және асханаларына теп-тегiс мәрмәр төселген. Бұл елде тасты бауырдай тiлу технологиясын әбден меңгерген. Ал көне қорғандар мен жаңа ғимараттардың қатар бой түзеп, жымдасып жатқанын көргенде сәулетшiлердiң өнерiне тәнті боласың.

Атақты Фатих университетiн бiтiрiп шыққан түлектердiң денi Батыс Еуропа мен АҚШ секiлдi елдерде қызмет атқарады. Халықаралық келiсiмдерге сәйкес 1992 жылдан бастап түрiктiң жоғарғы оқу орындарында бiлiм алып жатқан қазақ студенттерi түрiк үкiметiнен стипендия алып тұрады.

Тағы бiр таңдай қақтырған жағдай жолдардың тақтайдай түзулiгi және тазалығы. Әр бағытта жолға шыққан жүргiзушiлер жолға түсерде ақша төлейдi. Бұл қаржы тек осы жолды жөндеуге жұмсалады екен. Аталған жолда апат болып, көлiгiңiз мiнуге жарамсыз болып жатса, жолға жауапты фирмалар не көлiктiң дәл сондай маркасын тауып, сатып алып бередi, не толық құнын төлейдi.

**«Ыстамбұл жазған жер екен,
Жол түсiп барып, қандық ба?!**

Дарыған ырыс-береке,

Алланың нұры бар мұнда,» – деп жазғанымдай Ыстамбұл қаласы туралы бiр мақалада айтып шығу мүмкiн емес. Патшалардың салтанатты сарайлары да, көне ғасырларға куә болатын мұрағаттар сақталған мұражайлар да, осы заманғы сәулеттi ғимараттар да, шулы базарлар да, бәрi-бәрi осында.

Ең кереметi Мұхамбет ғалайсаламның Топқапы сарайында сақталған шапаны, тiсi, сақалы, мөрi және табанының iзi қалған тас. Бұл жерде үзбей Құран аяттары оқылады. Әзiрет Әлiнiң қылышы да осы арада қынаптан жартылай суырылып тұр. Топқапы сарайында жиналған алтын бұйымдардың және оның шатырлары мен күмбездерiн көркемдеуге жұмсалған алтынның салмағы он сегiз мың тоннадан асады деседi.Топқапы зеңбiрек қақпасы дегендi бiлдiредi, түрiк зеңбiректерi снаряды (топ) түскен соң византиялықтардың қақпасы ашылғаннан кейiн қойылған атау екен.Яғни добымыз көдiмгi доп болса, топ дегендi снаряд деген сөздiң аудармасы есебiнде қолдануға сұранып тұрған сөз. Қазақ доптың өзiн топ ете қалды демей ме?!

Ыстамбұл 1453 жылы оны Фатих сұлтан Мехмед жаулап алғанға дейiн Византия империясының орталығы болған. Ыстамбұлдың негiзгi мағынасы Ислам бол деген ұғымды бiлдiредi деген пiкiр бар. Түрiк Республикасының астанасы тек 1923 жылы Анкара қаласы болып белгiленген.

Ыстамбұлдағы Сұлтан Мехмед мешiтiнiң алты мұнарасы

бар. Осы арадан Меккеге қажылыққа аттанады екен. Мешiт құрылысы сұлулығымен көздi арбайды. Қаладағы жер астындағы су қоймасының өзi тұтас сарай секiлдi. Оның iргесiн көтерiп тұрған тiкбағандар (колонналар) саны 336-ға жетедi. Су қоймасындағы су әлi де мөп-мөлдiр. Iшiнде шабақтар асыр салып жүр. Олардың қабыршақтары су түбiне туристер тастаған тиындарға шағылысып жарқырайды. Қаладағы аспалы көпiр, Босфор бұғазы арқылы өтетiн паром,



кеме үстiндегi саяхат әсерлерi өмiрi естен кетпестей болды.

Түрiктер Әба Әйуб әл Әнсари деп атайтын (ауызекi тiлде Әйiп Сұлтан) Мұхамбет пайғамбардың сенiмдi серiгi, сахабасы болған, Исламды таратуға көп тер төккен адам Константинополь алынбай тұрып қаза табады. Оның тәнiн жер қойнына тапсырған мекен көп уақытқа дейiн анықталмайды. Ел аузындағы әңгiмеге қарағанда, бiр күнi бакташы қой жайып жүрiп, биiк төбенiң басындағы көлемi үш-төрт метр жердiң шөбiн қой жемегенiн байқайды.Осылайша сол маңайда жерленген Әйiп Сұлтанның жатқан орны белгiлi болады. Кейiнiрек сол араға зәулiм мешiт салынады. Әулие атанған сахабаның бас және аяқ жағына 1454 жылы қос шынар егiлiптi. Құдайдың күдiретiн қараңыз, сол ағаштардың жапырағы әлi жайқалып тұр. Шынар ағашының жуандығы сондай, түбiн қоршап, қолдасып тұрған он кiсiнiң құлашы жетпейдi.Мешiт маңайына кейiн елге танымал кiсiлер жерленiп, үлкен зиратқа айналған. Түрiктер көзiмiздiң қарасы деп атаған мешiтке келушiлер тасқыны күн сайын толастамайды. Ғасырлар бойы жайқалып тұрған шынар түрiк халқының бiрлiгi мен ерлiгiнiң символы болып есептеледi.

Ыстамбұлда теңiз жағасында тұрған кемеден көп көлiк жоқ екен. Ал Босфор бұғазындағы көпiрлер елдiң ең сәулеттi құрылыстары болып саналады. Көпiр дегеннен шығады, туыстас елдер арасындағы алтын көпiр iспеттес аударма iсiне кейiнгi уақытта ерекше мән берiлуде. Бұған дейiн Олжас Сүлейменов, Әбiш Кекiлбаев, Мұхтар Шаханов шығармалары, «Қазiргi қазақ әңгiмелерiнiң антологиясы» түрiк тiлiнде жарық көрiптi.

Түрiк шайыры Зия Кокалыптың

«Мешiт – бiздiң қазармамыз,

Шатыр – бiздiң дулығамыз,

Мұнаралар – көк найзамыз,

Құшылықты құп аламыз» деген сөзi елдiң қалқаны

– имандылық дегенге меңзейдi.

Түрік елінде мемлекеттік туға деген құрмет айырықша. Кез келген мемлекеттік мекеме ғана емес, таудың басында, теңіздің жағасында, биік қорғандарда түрік туы желбірейді. Түрік туы неғұрлым биік болса, түрік азаматының да төбесі көкке тиіп тұрады.

Мұстафа Кемал 1923 жылы Түрік республикасының (1923-1938) тұңғыш президенті болды. Түркияның ұлттық кеңесі оны қатарынан үш рет президент етіп сайлаған. 1934 жылдың 24 қарашасында түрік парламенті оған Ататүрік, яғни түріктердің атасы деген атақ береді. Ататүрік жерленген «Аныт қабір» мавзолейі түріктердің зиярат жасайтын қасиетті орындарының бірі.

Мұстафа Кемал Ататүрік Ислам дінін халыққа таратуға көп үлес қосты. Оның тапсырысы бойынша муфти Мұхаммед Хамди Құранды түрік тіліне аударған. Бұхаридің хадистер



жинағын да Ататүрік осы ғалымға аудартып, кітапты шығару үшін өз қалтасынан қаражат берген. Ататүріктің 1927 жылы Парламент мінбесінен: «Біздің көршіміз Кенестер одағы күндердің күні құлайды. Бірақ ол жерде біздің ағайындарымыз, қандас бауырларымыз бар. Біз солармен байланысты үзбеуіміз керек. Біз соған дайын болуымыз керек. Тіл деген бір көпір, тарих бір көпір, мәдениет деген көпір, осы көпірлерді құлатпауымыз керек. Сол бауырларымызбен біз өте жақын қарым-қатынаста болуымыз керек» – деп айтқаны оның бауырлас халықтар келешегіне деген берік сәнімін көрсетсе керек.

Түрік зираттарының көпшілігі қарапайым, марқұмдардың басына мөрмөрдан құлпытас қана қойылған. Өліге құрмет деген желеумен бейітті мұражайға айналдырып жіберу, зират басына мазар салу, мүсіндер орнату секілді қазаққа тән «қасиетіміз» көзге ұра қоймайды. Оның есесіне кезінде бізде марксизм-ленинизм қайраткерлеріне көрсетілген құрметке

мұнда Ататүрік ие болып отырғандай. Кез келген қалада оның неше түрлі ескерткіштері, тастан соққан мүсіндері алдан шығады. Көптеген мекеме кабинеттерінде, аудиторияларда, оқу залдарында, кітапханаларда Ататүріктің бейнесі салынған суреттер ілулі тұрады.

Кез келген оқу орнында Мұстафа Кемал паша – Ататүріктің суреті немесе мүсіні қойылған, айтқан сөздері қабырғаға ойып жазылған. Оның негізгі қағидасы қазақ нақылымен айтар болсақ, туған елдің «жақсылығын асырып, жамандығын жасыру» болғаны белгілі. Түрік қауымы Ататүрік идеяларын осы күні де ту қылып көтеріп отыр.

Ататүріктен кейін талай зиялы кісі ел басқарған. Кейінгі жылдары Тұрғыт Озал(1927-1993),Сүлеймен Демирель (1993-2000), Ахмет Сезер (200-2007),а 2007 жылдан бастап Абдулла Гюль, қазіргі кезеңде Райып Ердоған бірінші басшы болды. Бұлардың қай-қайсысы да еліне елжүлі еңбек еткен тұлғалар.

Түрік тілі мен қазақ тілінің түбі бір, ежелгі түркі тілдес тілдер есебіндегі көнелігі және өзара туыстығы дау туғызбайды. Бір ғажабы, түріктер динозаврды денезор деп атайды екен. Денесі зор жануар деген ұғымды білдіріп тұрған осы сөз біздің ата-бабамыз сонау көне ғасырларда, тіпті динозаврлар өмір сүрген тұста болған деген батыл болжам жасауға негіз береді.Пілді піл, мамонтты біл деген қазақтар енді динозаврды да шет тілден енген кірме сөз есебінде қолданбай, денезор деп атаса жарасып-ақ тұрған жоқ па?! Штампыты түріктер істанба деп атайды. Біз бұл сөзді мортабан деп жазып жүрміз. Зер сала қарасақ, түрік тіліндегі баламасы ұғымды. Сондай-ақ шаңырақ көтеретін бақанды түріктер министр деген сөздің баламасы ретінде қолданса, қазақтарға да олардан үлгі алуға болар еді. Қазақта «алты бақан ала ауыз» деген тіркес бар ғой. Оның түпкі мағынасы бақан – басшы, ел тірегі дегенді білдірсе керек. Келешекте тіл мамандары екі халыққа ортақ ұқсас тілдерді түбегейлі зерттеуі қажет секілді.

Жалпы, түрік жерінде жүргенде түрікті аға, өзінді іні сезінесің. Бірақ, жағаң жайлау, төсің қыстау болып, ірі сезінесің. Ал өз жерінде, өз еліне түріктер мейман болып келгенде өзінді аға сезінесің. Ортақ тамырлар тіліміз және дінімізбен қатар түбіміз де бір екенін көрсетеді.

Түріктің ұлы ақындарының бірі, сопылық поэзияның белді өкілі Жүніс Өмірені біз Қожа Ахмет Яссауидің ізбасары, рухани мұрасын жалғастырушы есебінде танитымыз. Оның қайырым мен сауап, жақсылық пен сабыр туралы жырлары кім-кімді де бей-жай қалдырмайды. Ақынның: «Бет-перденді ысырсаң, Қайран, Жүніс – күнәң көп, Шын сыйынсаң Бір Алла кешіреді – күмән жоқ!» (аударған Алматы Исәділ) дегені де риясыз шындық емес пе?!

Түрік тілдес халықтардың музыкалық аспаптарының да шыққан тегі бір екені кейінгі кезде әңгімеге жиі өзеке болып жүр. Әл-Фараби көне музыкалық аспаптардың шығу тегін табиғаттағы дыбыстар мен дауыстарға балап, судың ағыны, құмның сусылы, желдің уілі, қамыстың сыбдыры секілді табиғат құбылыстарымен байланыстырады.

Ежелгі түрік фольклорлық ескерткіштерінде аты аталатын кейбір музыкалық аспаптар: сырнай, жетіген, шаңқобыз, сыбызғы, дабыл, дауылпаз, керней, дутар, т.б. көптеген түрік тілдес халықтарда бар. Кейбірі уақыт өте келе әр халықтың өзіне тән ерекшеліктерге ұшыраған. Олардың арасында ұрмалы, үрмелі, шертпелі аспаптар бар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, түрік тілдес халықтардың тамыры бір, тілдері ұқсас, салт-дәстүрлері сабақтас, сондықтан олардың мақсат-мүддесі де бір арнада тоғысқаны ләзім.



ТАРИХИ ТҰЛҒА

(әңгіме)



1987 жылы туған. Қазан мемлекеттік университетінің түлегі. Филология ғылымдарының кандидаты. Татарстан Жазушылар және журналистер одағының мүшесі, халықаралық Пен-клубтың мүшесі, “Иделем Акчарлагы” (Гран-При – 2007) жас жазушылар конкурсының жеңімпазы. Татарстан Республикасы үкіметінің мәдениет қызметкерлеріне арналған грант иегері.

Студент кезінде “Чаян” журналында және “Шәһри Казан” газетінде (2008-2010) қызмет атқарған. 2010-2014 жылдары “Казан утлары” журналында көсемсөз бөлімінің редакторы, “Идел” - жастар әдеби журналының бас редакторы болды. Ғалымжан Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтында ғылыми хатшы болып істеді.

Мұса Жәлел атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты. Татар және орыс тілдерінде бірнеше кітабы жарық көрген. Қазіргі уақытта “Казан утлары” әдеби журналының директор-бас редакторы.

Рүстем Галиуллин

Ради́ф – тарихи тұлға. Шынында бұл туралы өзі де білмейді. 1953 жылдың 6 наурызында туған еді. Анасы Фануза апа мұғалім. Үйде жалғыз қалдырғысы келмей анасы Ради́фті өзімен бірге мектепке ала кетіп, мұғалімдер бөлмесіне қамап қоятын. Оқытушылардың сөйлескен сөздері оны естіген Ради́ф арқылы тез таралатын. Сондықтан да бұл мектепте әлдебір құпияны жасыру мүмкін емес еді.

Пысық бала түнеріп жүретін, қарны жуан, шашы тез түсе бастаған мектеп директоры Хакімжан әбимен тез достасып алды. Ради́фке қызыл барқытпен жабылған директор столы қатты ұнайтын. Сол күні Ради́ф өзінің жалғыз қалғанын пайдаланып, арман еткен столдың жанындағы орындыққа отырып алды. Өзін әлемнің әміршісі сезінген бала Хакімжан әби секілді жиналыста отырғандай қолдарын оңды-солды сермеп отырғанда стол ортасында тұрған сиясауытты төңкеріп алды. Қас пен көздің арасында қап-қара сия қызыл барқыттың үстіне жайылып кетті. Ради́ф сұмдық әрекет жасағанын түсінді. Орындықтан түсе сала есіктен шыға жөнелейін дегені сол еді, күтпеген жерден анасы кіріп келді. Бір ғажабы, оның көзі жасқа толып тұр еді. Ради́фтің «күнәсін» көргеннен кейін бар дауысымен тілазар баласына ұрсып, майқұйрықтан алақанымен сабай бастады.

- Дәл осындай күні, доңыздың торайы, осындай қасіретті күні...

Ради́фті аң-таң қылған көз жасын жұтып алған анасы тәрбие шарасын өткізіп болған соң бөлмеден асығып шығып кетті. Жалғыз қалған бала жылауын үдетті, оған оны үйретудің де қажеті шамалы болатын.

...Ал дәл осы уақытта мектеп ауласында барлық ұжым жиналып қалған. Мұғалімдер көз жастарын орамалдарының шетімен сүртіп қояды, аса «сезімталдары» дауыс сала жүріп, оқушыларды сыныптар бойынша «П» әрпінің үлгісімен мектеп ауласына сапқа тұрғызуға.

Бүгін барлық халық үшін қаралы күн екен. Қайғы-қасіретте шек жоқ... Барлық халықтардың әкесі және балалардың ең жақын досы Сталин қайтыс болыпты... Қыздар мұрындарын тартып қояды, ұлдар болса оларды келемеж қылады. Осы уақытта мұғалімдер арасында жарияланбаған бөсеке басталған, қай сынып қатты жылайды, кімнің балалары басқалардан көрі қатты қайғырады?!

Оқытушылар саптары түзулене қоймаған оқушылар қатарында ерсілі-қарсылы жүріп, кім ағыл-тегіл жылап жатыр, кім жылыстап кетті, қарап жүр. Күліп тұрған ба-

ланы көрсе қоянға шүйілген қаршығадай оны жан-жақтан қыспаққа алады.

– Сен неге жыламайсың? Қайғырмайсың ба, ұятсыз!

– Қайғырамын...

– Жауап бер, сені кім асырайды?

– Ма-а-ама-а-а...

– Ой, шошқа! Қайдағы мама?! Сталин жолдас сені асырайды, түсінікті ме?!

– Иә-ә-ә...

– Ал барлық фашистерді жеңіп шыққан, саған бейбіт өмірді сыйлаған кім?

– Па-а-апа-а-а...

– Топас! Немістерді жеңген ұлы Сталин – біздің әкеміз, қорғанымыз және асыраушымыз. Бүгін ол қайтыс болды. Сен неге елмен бірге қайғырмайсың?!

– Қай-ғы-ра-мын...

...Қаралы жиынға дайындық кемеліне келген. Кенет мектептің ауыр есігі сықырлап ашылды. Одан бар дауысымен бақырып анасы жазалаған Ради́ф шығып келе жатты. Бала екі қабатты мектептің жоғарғы қабатынан түсіп болғанша беті айғыз-айғыз, көзінің ісіп кеткені көрініп тұрды. Танауынан аққан сорасы аузына жетіп, киімі де малмандай су болған секілді көрінді. Жылауын тоқтатпастан ол үйіне қарай бет алды.

Қаралы жиынды ашқалы тұрған Хакімжан әби жылаған баланы көрген кезде оның көзіне жас үйірілді. Бұған дейін ол шын жылағысы келсе де көз жасы келмей тұрған. Қайта-қайта бет орамалына түкірініп тұр еді. Жұбататын кісі болмаған баланы ол қуып жетіп қолына көтеріп алды... Қатарласқан саптардың алдына келіп азалы сөзін бастады.

– Міне, қымбатты әріптестер, көрдіміздер ме, бұл бала бар болғаны алты жаста, бірақ, ол не болғанын түсініп, санасымен сезіп отыр. Сталин жолдастан айырылу деген қандай қайғы?! Ради́фтен үлгі алыңыздар!..

... Хакімжан директордай қорғаушы табылған соң бала енді оны сиясауытты төңкергені үшін ешкім жазаламай-тынын түсінді, ара-арасында елге көз қылып өксіп-өксіп қойды... Директор қалпағының қауіпсіз биігінен «П» әрпімен сап түзегендерге көз тастады, оған бұл сап «С» әрпі секілденіп көрінді...

татар тілінен аударған Ақылбек ШАЯХМЕТ



Келбет



**Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Жарты жаңқам қалғанша мен сендікпін,
Пайдалан, қажетіңе жараса, Алаш.**

М.Дулатов

Таулар алыстаған сайын биіктей түсетіні рас.

Жылдар өте дос-жараны мен құрбы-құрдасының, туыс-туғанының, ұл-қыздарының, жан-жарының, отырыстарда дәмдес болған, қызметте үзеггілес болған әріптестерінің сағыныштарын ұлғайтып, жансыз бейнесі асқақтай түскен тау тұлғалы азаматтың бірегейі. Қазақстан Парламенті Мәжілісінің екі мәрте төрағасы болып сайланған, мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов.

Ол өз қызметінде мейілінше таза болды, бәз біреулер сияқты, түлкі бұлаңға салынбады, маңындағылардың ешқайсын алаламады, қол астындағы қызметкерлерді бөліп-жарымады, «қазақ үш жүзге бөлінбейді, қазақ үш жүзден құралады деген» ұстанымды үнемі жадында сақтады. Еңбек жолында жинаған мол тәжірибесі мен адал қызметінің арқасында ел басының сенімді серіктесі болды.

Орал Байғонысұлы өзінің бір сұхбатында «менің бойымда аксүйектік қасиет бар, ол маған аталарымнан дарыған» деді. Расымен-ақ, Орекеннің арғы атасы айтыс -кер ақын, кезінде Қазақ энциклопедиясына аты жазылған Өтеулі де, сал-серілікті ұнатқан, домбыраның құлағында ойнап, төгілдіре ән салып отырыстың көркін қыздырған әкесі Байғоныс та «дархан даланың аристократтары» еді.

Әрине, Орал Байғонысұлы да бала болып асық ойнады, доп қуды, көрші балалармен көлге түсті, балық аулады...

«Байғоныс аға ауылнай болды. Үйге қонақ жиі келеді. Сондайда мен балаларды жанымға жинап алып, май шамды ортаға қойып оларға «Көғұлы», «Аяз би», «Алтын сақа», «Мұңлық-Зарлық» ертегілерін айтып беремін. Ертеңгі күні Сара, кешке тағы да ертегі айтып берші,- деп кекілі желбіреп Орал соңымда жүретін еді», - деп еске алады Орекеннің немере апасы Сара Кәкімжанқызы.

Оралдың әдебиетке жақын болуына бірден-бір себепші осы апасы болса, оның шоқ жұлдыздай жарқырап, саясаттың шыңына шығуына әкесі Байғоныстың тікелей ықпалы болды. Біріншіден, өзі ауылнай бола жүріп орыс тілін білудің маңыздылығын аңғарып бала Оралдың орыс тілін жете меңгеруіне ден қояды. Сөйтіп, Орал Байғонысұлы Ушаков

ауылындағы бейтаныс орыс кемпір мен шалдың үйінде бір жыл тұрады. Тумысынан зерек, ынталы Орал тіл үйреніп қана қоймай, сол үйдегілерге өз баласындай үйренісіп кетеді. Ол жайында кейін Байғоныс ағай «Ушаковтағылар енді бір жыл бола тұрсын деп баламды өзіме қайтарғылары келмеді. Әбден бауыр басып алыпты», - деп күліп еске алып отырады екен. Екіншіден, «Новосібірде оқып жүргенімде салтанатты іс-шараларға жиі қатыстым, сахынада ән салдым. Сахна мені баурап алды. Екінші курста жүргенімде әншілікке ауыссам ба деген ойым да болды. Содан елге хат жазып әкемнен кеңес сұрадым. Ол «нашар әншіден, білікті экономист жақсы ғой. Бірақ шешімді өзің қабылда» деп екі ұшты жауап жазды...» деп еске алады Орекен өзінің бір сұхбатында.

Әке сезімі алдамады, Орал қос тілде еркін сөйлейтін, ән айтуды рухани серігі ете жүріп, ат тізгінін ұстаған, көзі ашық, көкірегі ояу, саяси ұстанымы берік қызметкер болды. Ел ағасы атанды. Перзент ретінде әке үмітін ақтап, арманын орындады.

Халқының ортасында болмаған бес жылдың ішінде Орал Байғонысұлы туралы «Халқым деп соққан жүрегі» жарық көрді, соңғы «Бекзат болмыс» атты естелік кітабының тұсауы Ахмет атындағы қара шаңырақта кесілді, кезінде өзі оқыған Қостанай кооперативтік техникумының қабырғасына ескерткіш такта орнатылып, мұражайы ашылды. Бұның бәрі асыл азаматты ортамызға қайтып алып келмесі хақ, десе де оның есімін мәңгі ету артында қалғандардың парызы.

Орал Байғоныс ұлы жайлы еске алған сайын күнделікті өмірде мән бермеген жаңа қырларымен таныс боламыз. Орал



Байғонысұлының жарқын бейнесі сахнада сомдалып, Орал – саясаткер, Орал – дипломат, Орал – әнші, Орал – ақын атты талай ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, құнды туындылар жазылатыны айдан анық. Әзірше оның барлығы болашақтың еншісінде.

Орал Байғонысұлының жүріп өткен жолы – ерекше, енді қайталанбайтын, бірақ ұл-қыздары мен немерелері арқылы жалғасын табатын өміршен дара жол.

Жанат ӘЛІМҚЫЗЫ,
Журналистика және коммуникациялық
менеджмент кафедрасының оқытушысы



Ахмет Байтұрсыновтың 145 жылдығы

«Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» - деп Ұлы ұстазымыз Ахаң кезінде болашақ жастарға сенім артып кеткен.

Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті деканының тәрбие жөніндегі көмекшісі Мадина Асылханқызы қолдап, вет-медицина кафедрасының оқытушылары Баймұхан Темірбекұлы және Әсемкүл Қонарбекқызының ұйымдастыруымен 3-4 курс студенттерімен Қоғам қайраткері, ақын, публицист А.Байтұрсыновтың 145 жылдығын жақсы еске алу кешімен атап өтті.

Отырысты ветмедицина кафедрасының аға оқытушысы Б.Т.Темірбек әдебиет зерттеуші ғалым Ахмет Байтұрсынов өміріне қысқаша ақпарат берді.

Ахмет Байтұрсынов - ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Туған жері - бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Ақкөл ауылы). 1882-84 жж. ауыл мектебінде оқыды. 1890 ж. Торғайдағы екі кластық, орыс-қазақ училищесін, 1895 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1895-1909 ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1909 жылы патша үкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін Семей түрмесіне жабылып, 1910 жылы жер аударылды. 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың аяғына дейін оның редакторы болды.

4-ші курс 15-700-11 топ студенттері Әбдіреш Жанар, Нұрғазина Сәуле кезінде тар жол тайғақ кешуде, қудалауда жүрген, абақтыда жаны қиналған Ахмет атамyzдың «Қазақ халқы» өлеңдерін оқып берді.

Патша үкіметі құлатылғаннан кейін ұлт-азаттық қозғалыс күшейеді. 1918-19 жылдары Алашорда қатарында болады. 1919 жылы маусымның 24-і Қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитеттің мүшелігіне тағайындалады. 1922-25 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік ОАК-ның, ҚР ОАК-нің мүшесі, Түркістан Компартиясы ОК-нің органы «Ақ жол» газетінде қызметкер. 1925-29 ж. Қазақ халық ағарту институтында (Ташкент) және ҚазПИ-де оқытушы болды.

Ахаң Қарқаралыда түрмеге түскенде Александра деген орыс қызы оған тамақ тасып, кір-қонын жуып көмек қолын созады. Кейін арыс аға Семей түрмесіне қамалғанда да артынан іздеп барып, көмектеседі. Онда өзімен сыйластығы бар Мұхамедсадық деген татар саудагердің үйіне Ахмет әлгі өзіне тамақ тасып жүгіріп жүрген Александраны қызметші етіп орналастырады.

Өзі түрмеден шыққан соң адамгершілігі мен адалдығына сүйсінген Ахаң Александраға үйленеді. Ол Мұхамедсадықтың аурудан қайтыс болған Бадрисафа есімді қызының атын Александраға алып, мұсылмандыққа өткізіп, татар қызы деп некеге тұрады.

1929 жылы маусымында қамауға алынып өзі Архангельск облысына жер аударылған, ал жұбайы мен қызы Томскіге жіберілген. 1934 жылы Қызыл Крест комиссиясында



қызмет еткен Е. Пешкованың (Максим Горькийдің зайыбы) қолдауымен Ахмет Байтұрсынұлы босатылған. Сол кезде ол жанұясымен бірге Алматыға қайта оралған. 1937 ж. қазан айында Ахмет Байтұрсынұлы тағы да қамауға алынған, екі айдан соң, желтоқсанның 8 «халық жауы» есебінде атылған.

Ахмет Байтұрсынұлы өмірін бір кісідей зерттеуге үлес қосып жүрген жерлесіміз «Егемен Қазақстан» газетінің Қостанай өлкелік тілшісі Нәзира Жәрімбетова Ахаң мен Бәдрисафа анамыздың соңғы кездегі өміріне журналистік зерттеу мен өмірбаяндық фильм түсірген болатын, соны көпшілік назарына ұсындық.

Қазақ халқының жанашыры, Алаштың қайраткері болған Ахаңның қиын шақта сүйінері, сенімді серігі болған Бәдрисафа анамыз Тоғызақ есімді қазақ зиялысының көмегімен соңғы өмірін Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Қасқат ауылында өткізеді. Ахмет атамyzдың көп еңбегі осы Бәдрисафа анамыздың қажырлы еңбегі арқылы осы күнге жеткен. Қасқат ауылынан Тобыл өзеніне қарай бұрынғы Еңбек колхозына таман Бәдрисафа бейіті басында зәулім тастан құлыптас қойылған.

Бұрынғы Қостанай ауылшаруашылық институты университет статусына 1996 жылы 3 сәуірде ие болғанда А.Байтұрсынов есімі берілген болатын.

Даярлаған ветмедицина кафедрасының аға оқытушысы Баймұхан ТЕМІРБЕКҰЛЫ



«АБАҚТЫ – ҒҰМЫР»

Ахмет Байтұрсынов атындағы «Шаңырақ» жастар театры Елбасы күніне орай тағы бір қойылымның тұсауын кесті. «Абақты-Ғұмыр» атты спектакль халықтың жүрегінен жақсы орын алды.

Қойылым тәуелсіздігіміздің 27 жылдығына орай Алашорда қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевқа арналған. Бұл қойылым көрерменнің жанына рух беретін,

ұлт тұтастығының тұғырын насихаттайтын туынды. Жолтай Әлмашұлының шығармасы желісі негізінде өрбиді. Ал қойылымды сахналандырған, коюшы – режиссері Қостанай меценаттар клубының лауреаты, халықаралық «Шабьт» фестивалінің дипломанты, актриса Айсауле Әбдешқызы. Бұл қойылымды желтоқсан күрбандарының басынан кешкен оқиғасымен байланыстыра отырып, жастарға ой түйгізу екенін атап өтті:

- Міржақып Дулатовтың, Әлихан Бөкейхановтың, Мағжан Жұмабаевтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Сәкен Сейфуллиндердің армандарының іске асуына бірден-бір себеп болған 1986 жылы болған оқиға. Мағжанның «Мен жастарға сенемін» деген өлеңі осы жастар оқиғасымен үндестік тапқан секілді. Қазақтың бостандығы, тәуелсіздігі ежелден бері арман болып келген, осы арманға жастар сол жылы нүкте қойды. Сол себепті Мағжанның өмірімен осы оқиғаны байланыстырып, жастарды жігерлендіретін қойылым болсын деп шештік.

«Абақты-Ғұмыр» спектаклінің студенттерге айтары, берері мол дейді театр актерлері. Сахнада небәрі бес персонаж атап айтсақ, ГӨФ факультетінің 3 курс студенті Қаракөз Төлегенқызы, 2 курс студенті Ерназар Қолғанатұлы, Заң факультетінің 3 курс студенті Әлішер Дарханұлы, 1 курс студенті Татьяна Дәулетқызы, ИТФ факультетінің 4 курс студенті Ерсейт Зәкірұлы өнер көрсетті.

- Мағжандай ағамыздың рөлін сомдау мен үшін мәртебе. Сахнаға шығар алдында рөлімді алып шыға аламынба де-

ген үрей басым болды. Себебі, бір сағат бойы сахнадан кетпей, үзіліссіз сомдау ол үлкен шеберлік. Дайындықтың өзінде ойнап шығу қиын болатын. Аталарымыздың, Алашорда азаматтарының жазықсыз ату жазасына кесілгені, қазақтың басына түскен қиындықтары жүрегіме қатты батты. Өз басым қойылымнан көп нәрсе алдым, түсіндім. Біздің, жас ұрпақтың ендігі міндеті ата-бабаларымыздың

қанымен келген тәуелсіздігімізді сақтау.- дейді басты рөлді сомдаған Әлішер.

Кенес дәуірінде қуғын-сүргіннің құрбаны болған Мағжан өз туындыларын халыққа ұсына алмады. Ол өмірден өткеннен кейін де, аты ақталғанымен біраз уақытқа дейін шығармалары жарыққа шығарылмаған. Ал қазір қазақтың қара өлеңінің киесін кетірмеген жазушының сөзі лайланбай таза күйінде жеткен туындылары саф

алтындай сақталып, қазақтың қазынасына айналды. Осындай қиынқыстау кезеңде халық жауы атанып, талай қиындықтарды басынан кешкен Мағжанның өмірін бір көрініске сыйдырып, халыққа ұсынған «Шаңырақ» жастар театрының өртістері жүрекке жеткізе білді. Акынның өмірі суреттелген туынды халықты жылпатпай қоймады. Көрініс

соңында бас кейіпкер құрбан болғанымен, оның шындыққа деген ұмтылысы, жан айқайы, болашаққа деген алаңдаушылығы көрермендердің сана-сезімін оята білді. «Жүректен шыққан, жүрекке жетеді» демекші халық ыстық ықыласын көрсетіп, қойылымнан кейін ректордың арнайы сыйлықтары табысталып, аталмыш театрдың өртістері мақтау грамоталарымен марапатталды.

Даланың рухын, бабаның ғұрпын іздесеңіз қазақ елінің қаймағы бұзылмаған өнерінен табасыз.

Айым АБДРАШИТ,
Журналистика мамандығының 3 курс студенті





«Шаңырақ» жастар театры



ҰМЫТЫЛМАС ЖЕЛТОҚСАН

*Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпеңдер...
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянган ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер.*

М.Шаханов

Өмірде ай мен күннің шындығы секілді ешбір дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалар бар. Өз тарихын ұмытқан, оны қадірлемеген ұлттың болашағы жоқ болатындығы сондай аксиомалардың бірі деп айтуға болады. Осы тұста жас ұрпақ, яғни біз қаншалықты өз тарихымызды білеміз, қаншалықты оны қастерлейміз деген сауалдар біздің өмірімізде зор орын алады. Бұған дәлел, Елбасымыз сөзі: «Тарихсыз болашақ жоқ».

Жуырда ғана Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарық көрді. Осы мақалада Президентіміз алдағы қазақ халқы Қазақстан жұртшылығы үшін алдағы мақсаттар мен міндеттерді дәл айқындап берді. Анығырақ айтсақ, халқымыздың материалдық және рухани мәдениетін толығырақ зерттеп, күні бүгінге дейін беймәлім болған тарихи оқиғаларды танып білу. Расында, тарих – бұл асыл мұра.

Сонау 15 ғасырдан бастау алған Қазақ хандығының дербес тарихының тамыры сақ пен ғұн дәуірлерінен бастау алады. Ешбір жауға мойын ұсынбай, тек Алла алдында бас иген халқымыз бізге дархан даланы мирас етті. Қазақстанның қай өңіріне барсақ та, өзіндік тарихы бар. Өкінішке, орай 18 ғасыр қазақ даласы үшін ұлы қайғы-қасиет өкелді. Арамыздан татулық қашқан соң, жауларымыз бас салды. Бірақ, рухы мықты халқым мойымады. Неше қилы заманды бастан кешіріп, қаншама дұшпандармен алысқан батыр да қайсар бабамыз армандаған тәуелсіздікке 20 ғасырдың аяғында ие болды. Бұл маңызы зор тарихи оқиға. Өйткені, тәуелсіздік – аса қастерлі ұғым. Тәуелсіздік тек қана мемлекеттің суверенитетімен шектеліп қоймайды, ең бастысы бұл рухтың бостандығы, мәдениеттің тәуелсіздігі.

Биыл Қазақстан тәуелсіздік алғанына 27 жыл толып отыр. Әрине, әлемдік ауқымда бұл аз уақыт. Бірақ осы жылдар аралығында біздің еліміз қаншама белестерді бағындырып, бүкіл әлемді өзіне қаратты. Бұл тек қана Қазақстанның жерқойнауындағы байлығына қатысты емес, ең алдымен, қазақ халқының бай да дарабоз мәдениеті мен қонақжайлығымның арқасында деп санаймын.

Осы тұста айтқым келгені, 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні екендігі барлығымызға мәлім, бірақ, өкінішке орай, нәліктен осы күн таңдалғанын бірі білсе, бірі білмес. Бұл күн қуаныш пен қайғының, жастықтың жалыны мен құрсаулы суықтық белгісі іспетті. Бірақ жас ұрпақ бұл мәселенің бір-ақ қырымен таныс. Бұл тек қана қазақша ән шыркәлып, бір күндік мерекеге айналып бара жатыр, осыған қоса Жаңа жыл мерекесінің көлеңкесінде қалып отыратындығы жасырын емес. Барлығына бірдей күйе жағудан аулақпын. Тек қана сол қаралы оқиғаларды

еске алуды ұсынамын. Өйткені 16 желтоқсан – тек қана мереке күні емес, бұл қазақ жастарының тектілігі мен қайсарлығының бейнесі, олар да біз сияқты студент болған, жасы бізбен шамалас болса да, әр ересек адам бара алмайтын ерлікке, ұлт үшін өмірлерін қиюға барды.

Мен көрмеймін тағдырымды елден бөлек,

Өз тарихын әрбір халық құрметтемек.

Үңілсек тарихымның беттеріне,

Батырлық әрқашанда сай еліме (автордың жыр жолдары).

Ғасырлар бойы ұлы даланы мекендеген, неше жыл құрсауда болып, өз отанында өктемдік көрген халық өз ойын мен талаптарын Мәскеу диктатурасына жеткізгісі келді. Кейін бұны Кеңес үкіметі қазақ ұлтшылдарының көтерілісі деп, өтірік жала жапты. Ресми деректерге сүйенсек, Алматы түрмесіне сыймағандықтан, қала сыртына апарып тасталғандарды қосып есептегенде барлығы 8,5 мың адам ұсталған, 1700 астамы соққыға алынып мүгедек болды, 5324 адам прокуратура тарапынан жауапқа тартылды, 319 жұмыстан қуылды, 99 адам сотталды, 309 студент оқудан шығарылды, оқиғаға қатысқандар құғынға ұшырады. Төлепберген Болатбектің «Біз білмейтін желтоқсан» атты кітапта 830 астам желтоқсан қаһармандарының есімдері жазылған. Желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Сыпатаев Ербол Мұқажанұлы, Мұхамеджанова Сәбира Есімбекқызы, Кенжегүл Молданазарова, Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы, Мырзақұл Тәжігүлұлы Әбдіқұлов, Асанова Ләззат Алтынайқызы сынды ержүрек қазақ жастары болған. Олардың есімдері тарих беттерінде алтын өріптермен жазылып, мәңгі жадымызда сақталмақ.

Оқиғаға қатысушыларына нақақтан нақақ жала жабылды, азаптауларға ұшырады, бірақ бұл оларды тоқтатпады. Желтоқсанның жалыны Қазақстанның Жезқазған, Талдықорған, Көкшетау, Қарағанды, Арқалық, Павлодар, Жамбыл, Талғар, Сарқан, т.б. қалалары мен Сарыөзек, Шамалған, Шелек елді мекендерінде жайылды.

Бірақ қалай жасырса да, шындық әшкере болады, ұшқынды да қалайша тежесен де, ол жалынға айналады, ең соңында әділдік жеңеді. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, Желтоқсан оқиғасының тарихы қалпына келтіріліп, бұл жөнінде З.Елғондинованың “Желтоқсан құрбандарын жоқтау”, “Ер намысы — ел намысы” жинақтары, К.Төбейдің “Мұзда жанған алау”, Т.Бейісқұловтың “Желтоқсан ызғары” кітаптары, Т. Сәукетаевтің «Айқараңғысы» романы мен “Желтоқсан” газеті жарық көрді, “Қызғыш құс” пен “Аллажар” кинофильмдері түсірілді.

«Ұрпағына үлгі етіп, батырынды жырлап өт...» деген екен Төле би, сондықтан да атап кеткен оқиға мен тұлғалар қайсар мінездің, қаймықпас рухтың символы және біз бұны жадымызда сақтауға міндеттіміз.

Балжан ЖҰМАРТОВА,

**Ақпараттық технологиялар факультетінің
«Математика» мамандығының 1 курс студенті**

Егемендік бізге не берді?

*«Бізге азаттық азаппен, арпалыспен келген.
Тәуелсіздік тәуекелге түскен. Сондықтан да бұл
бақытымыз баянды, ұзағынан сүйіндіреді деп сенеміз.»*

Н.Ә. Назарбаев

Тәуелсіздік, ол – өң, ол – сұлылық, ол – асқақ арман, ол – шалқыған дәулет пен көркейген сәулет. Бір сөзбен айтқанда, бейбітшілік пен ынтымақтастықтың айқын айнасы. Тәуелсіздігіміздің туы тігіліп, тайпа тағдыры тұрақталғалы, міне, 27 жыл. Бүгінде еліміз тәуелсіз, еңсесі биік, басқа дамыған елдермен терезесі тең, керегесі кең егеменді ел болып қалыптасты. Ата-бабамыздың қанымен берілген өжеттік, қайсарлық сияқты қасиеттер болашақ ұрпақты да тек алға, жаңа белестерге жетелеп келеді.

Тәуелсіздігіміз жарияланған уақыттан бергі мезгіл ішінде көптеген елжүлі табыстарға қол жеткіздік. Ел экономикасы дамып, халықтың жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге жетті. Өзге елдермен арадағы қарым-қатынас жақсарып, халықаралық саудаға шығуға мүмкіндік алды. Жастардың

шет елдерде оқуға, сол жерде алған білімін Отанында қолдануға үлкен мүмкіндіктері пайда болды. Елбасымыздың бастамасымен Астананың негізі қаланып, бүгін адам та-нымастай өзгеріске ұшырады. Әлемдегі мемлекеттермен келісімшарттар жасалатын, жиналыстар өткізілетін заманауи шаһар қалыптасты.

Көп жылдық тарихында толық еркіндігі болмаған еліміз ХХІ ғасыр табалдырығында осылайша тұғыры биік, бейбіт мекен ретінде көрініс тапты. Қазіргі тыныш мемлекетте уайым-қайғысыз өмір сүріп жатқанымыз да осы тәуелсіздік арқасы екеніне тағы көз жеткіземіз. Шығыстан алтын күн нұрын төгіп, еркіндіктің самалы ескен осы кезеңнің баянды болатынына кәміл сенемін.

**Аяулым
ЖАҢБЫРШЫҚЫЗЫ,
Журналистика
мамандығының 2 курс студенті**



Биыл қазақ елінің тәуелсіздік алғанына 27 жыл толады. Ширек ғасырдан астам уақыт ішінде Қазақстан әлемге танылып, тар жолтайғақ кешу мен қиын-қыстау кезеңдерден өтіп, жаңа деңгейге қол жеткізді. 1991 жылы егемен ел болғаннан кейін еліміз бірден аяққа тұрып кетпегеніне бәрімізге белгілі. Әлемге беймәлім елдің болшағы бұлыңғырлау көрінді. Елбасы Н. Назарбаевтың «Тәуелсіздік алған тұста бұрынғы Кеңес Одағының соңында қалған республика болатынбыз. Экономика әлсіз, қолда бар өндірістер мен зауыттар әбден ескірген. Мұғалімдер мен дәрігерлерге жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы тауып берудің өзі қиямет болатын» деген сөзі бар екен. Десе де қиын қыстау кезеңді артта қалдырып, дамудың даңғыл жолына түсіп, алдыға сеніммен қарап, нық қарайтынымыз қуантады. Осы тұста тәуелсіздік алғалы бері 27 жыл ішінде біз неге қол жеткіздік деген сұрақ туындайды.

Ең алғашқы тәуелсіздіктің бізге берген ең үлкен құнды сыйы-тіл. Кеңес заманында қала көшелерінде туған анаңмен, туған балаңмен қазақша сөйлесудің өзі мұңға айналғаны тарихтан белгілі. Осылайша жойылып кетудің алдында қалған тіліміздің сақталып қалғанына шүкіршілік айтамыз. Одан кейін, Қазақстанның экономикалық әлеуеті жоғарылады. Жаһандық экономикада әлемдік тауар рынок-

тарына мұнай, газ өнімдерін шығаратын ел ретінде танылды.

Үшіншіден, білім саласында алға жылжуларға қол жеткізіп жатырмыз. Дарынды жасөспірімдерге әлемдік үздік университеттерде білім алуға мүмкіндік беретін халықаралық стипендия іске асырылып жатыр.

Соңғы жылдары Қазақстан денсаулық сақтау саласында да алдыңғы қатарлы медициналық қызмет көрсететін орталық шоғырланған елге айналды. Халық бұрын күрделі ота жасату үшін шетел асып ем іздейтін болса, бүгінде республикамыздағы медициналық орталықтар әлемнің медициналық мекемелерімен бәсекеге түсуге қауқарлы. Бесіншіден, ел спортының еңсесі биіктеді. Оған ел тарихындағы ең жарқын беттер, 2012 жылғы Лондон олимпиадасының өзі мысал бола алады.

Осылайша еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Тәуелсіздік-тәңірдің бізге берген ең үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Ендігі кезекте әр жастың ойында «Мен тәуелсіздікке не бере аламын?» деген сұрақ болып, сол сұраққа жауап ретінде елге пайдасы тиер жетістікке жету әр жастың парызы. Ендеше, еліміз тыныш, Тәуелсіз ел аспанындағы өміріміз мәңгі болғай!



ЖАСТАР ЖЫЛЫ

Ұлтынды сүй елінді сүй Қазақстан
Қол жетті міне тәуелсіздік дейтін ғажап таң
Жастар жылы-жаңашылдық белгісі
Болашағын қолдап отыр жаратқан

Жастар жылы-жаңашылдық белгісі
Үлес қос оған үлкен және ең кіші
Ел бірлігін болашағын қалағын
Сенің елің татулықтың белгісі

Қолдап отыр елбасымыз сенеді
Болашақтың бізге көп қой берері
Ғылымды сүй білімді сүй жас буын
Білімді адам мың адамды жеңеді

Жастар жылы жаңа дәуір негізі
Болашақ бұл бар жастардың жемісі
Кетігін тап та ел дамуына үлес қос
Қарсы келмес бар толқынның теңізі

Өткендерден алғайсың бақ өнеге
Босқа жүру болашағыңды бере ме?
Мағжан айтқан арыстандай бол айбатты
Дайын болғын жерің және елің дегенде

Қызықтырар бар адамды болашағы
Жастар жылы жаңашылдыққа жол ашады
Бірлік туын көкте мәңгі желбірет
Елің саған батасын беріп қарасады!!!

Тарихта бізге мәлім үш атақты сөз бар. Ол кеше, бүгін, ертең. Кешені – Алаш қайраткерлері негізін мықтап қалап берді, бүгінді – елбасымыз тәуелсіз елімізді болашақтың символы ете білді, ертеңгі міндет – ел жастарында, ұлан ғайыр атырап иісі қазақтың жері, тек болашақ жастарға ғана аманат. Біз бірлігіміз мығым, қабілеттілігіміз жоғары, ерлік пен елдік жолында жан аямас жас болуымыз қажет!!!!



Қуаныш БАТЫРБЕКҰЛЫ,
Ақпараттық технологиялар факультеті 3 курс студенті

Мен жастарға сенемін

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне
арналған «Мен жастарға сенемін» атты студент жастардың
алтыншы патриоттық форумына іріктеп өлеңдер

Мен жастарға сенемін
Арыстандай айбатты жастарға,
Сенім еткен Мағжан да,
Жүрегінің түбінде.
Ақ үмітін ақта да,
Еңбек ет, оқы, ерінбе.

Өтірік күліп, надандай болып,
Өмірді текке өткізбе.
Әлемді шолып, тарихты біліп,
Алға жүр, құлап сүрінбе.

Бір долы сәтті, бір долы сәтсіз
Еңбегіңнің болар жемісі.
Талпын да, тоңба күніне салқын,
«Шаршадым» дегені несі?

Анаңның сүтін, әкеңнің сөзін,
Бағала, жерге тастама.
Тәрбие берген, өнеге еткен,
Бар біреу сенде ата-ана.

Қыздардың жасын, айналып басын,
Төктірме, ұятың бар болса.
Жігітім, қыран, бір саған айтам,
Түсінерсің, намыс бар болса.

Қырмызы келіп, жүректі ертіп,
Қыздарға айтар бір сөз бар:
Біреуге сеніп, ұлдарға еріп,
Кетпегің, қыз-ау, сақта ар.

Мәдени болып, көңілін толып,
Жүрсе ғой, жастар, жайнаған.
Телефон құшақтап, өмірді таптап,
Болмасын жаман айналаң.

Жеткізер белес, бәрі де емес
Көгертер оқу-талабын.
Біліммен теңес – кітаппен кеңес,
Келеді оқысаң, жасағын.

Бір жолы тастап, бір жолы бастап,
Жеткізбей қойма ісінді.
Жаныңның түбін, түсінер бүтін,
Сатпа сен, адал досыңды.

Тәттіден бастар, екіні қостар,
Біреуді сүйіп, бағала.
Жай жүріп, тастап, білсеңші достар,
Махаббат – ол бір дастан.

Бәрі де жаман, бәрі де надан
Демеймін, бар ғой, білемін.
Бабадан қалған, талпынар, жанар,
Мен жастарға сенемін.

"Хазар" мен "Сақ" құраған қос түбірін,
Байтақ елін сүйеді көпшіл ұлын.
Қараңғылық көгіне күн боп шығар,
Бабамның ақ арманы төкті нұрын.

Әке тұлпар, баласы құлын шындар,
Бойымда Алаш берген өр рухым бар.
Ата қаны күн болып келген жерге,
Ала көзін төкпесін бүгін сұмдар.

Дәстүрді, тіл-дінімді сақтағанмын,
Басы кеткен жерімді таптағанмын.
Жетім менен жесірді жылатпадым,
Шен-шекпенге арымды сатпағанмын.

Қонағының табатын байсал ебін,
Жасай бер емен-жарқын жайсаң елім.
Қырық үйден тыйылған бұрымдысы,
Ел мактаған, сыйлаған қайсар ерін.

Бәсекелес, бейбақтар, жасқаныңдар!
Арманы асқақ айбынды жастарым бар.
Тірі болсаң қазаққа пайдаң тисін!
Жөн болар баба жолын басқаның дәл.

Ермек ТАЛҒАТҰЛЫ,
Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру
технологиясы мамандығының 4 курс
студенті



Анжелика ГРАЧЕВА,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті



Өнегелі өмір

немесе ғалым, биология ғылымдарының кандидаты, доцент Тұрғанбай Құрманбайұлы жайлы бір үзік сыр

Ордалы Оңтүстік – ұлтымыздың уыздай ұйыған жері, қазақтың құнар нәрі, тәрбие тағылымы тұнған қастерлі өңір. Төскейіпейіш осынау дархан өлкенің дара-боз перзенттерінің бірі – ғұмырын ғылым мен білімге, ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз Тұрсынбаев Тұрғанбай Құрманбайұлы.

Ол 1941 жылы сұрапыл соғыстың басталар шағында Оңтүстік Қазақстан облысы Бөгенбай ауданына қарасты Шұбар кентінде дүниеге келді. Жастайынан білімге құштар зерек бала орта мектепті үздік тәмамдап,

Қызылорданың педагогикалық институтына оқуға түседі. 3 жылдан соң, 1964 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық институтына ауысып барады. Дарынды шәкірт мұнда көрнекті ғалымдардан дәріс алады. 1966 жылы аталған институттың толық курсын «Биология және ауыл шаруашылық өндірістің негізі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Оқудың арасын үзіп алмастан аспирантураға оқуға түсіп, ғалым біржолата ғылым жолына бет бұрады. Жас ғалым 1966 жылы жолдамамен Көкшетаудағы Өсімдіктерді қорғау институтына қызметке келді. Осы білім ордасында 10 жылға жуық уақыт аға ғылыми қызметкер болып істеді. Тұрғанбай Құрманбайұлының ең алғашқы ғылыми еңбектері осы Көкше өңірінде дүниеге келді. Үнемі ғылыми ізденіс үстінде жүретін талантты ғалым аспирантураны ойдағыдай тәмамдап, 1976 жылы Қостанайдағы Ауыл шаруашылық институтына арнайы шақыртумен қызметке келді. Тұрғанбай Құрманбайұлы бұл жылдары аталған жоғарғы оқу орнындағы зоология кафедрасының ғылыми-техникалық базасының нығаюына, білім беру сапасының өсуіне күш салды.

Ғалым-ұстаздың өмірлік жары – Ұлжан апа да Тұрғанбай ағамен бірге көп жылдар бірге қызмет еткен ұлағат-тәлімі мол тәжірибелі ұстаз. Жарты ғасырға жуық отбасында да жұмыста да жұп жазбаған қос ғалым-педагог бүкіл ғұмырын ауылшаруашылық саласына білікті де сапалы маман даярлау ісіне арнады.

Ұлжан апа Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық институтын оқитын еді. Екеуі бір факультет, бір группада білім алып, қызмет жолын бірге бастайды. 1965

жылы отау құрып, шаңырақ көтерді. 1966 жылы Көкшетауға ағамыз бен апамыз қол ұстасып бірге аттанады.

– Өзім Алматы облысының Көктөбе кеңшарында дүниеге келдім. Екеуіміз Көкшетауға бірге аттандық. Мен мектеп ғимаратында қызмет атқардым. Ол кісі білім-ғылымның айналасында жүрді. Аға екеуіміз 1965 жылы шаңырақ көтердік. Содан бері 49 жыл өмір сүрдік. Айналасында ағайын-туыс, дос-жаран көп болды. Баршасына қамқор, қолдан келген көмегін аяған емес. Түрекеннің өмірге деген көзқарасы ерекше еді. Бар ғұмырын ғылымға арнады. Ізденіс жолында бір тынбады. Әрқашан жаңашыл дүниелерімен еленді, көзге түсті. Атақ-мансаптан, абырой-беделден кемде болған жоқ. Өзінің ортасы құрметтеген ел ағасы болды. Отағасы отбасында да үлгілі



күрметтеген ел ағасы болды. Отағасы отбасында да үлгілі



әке болатұғын. Балаларына өнегелі тәрбие бере білді. Бір ұл, екі қызын ешкімнен кем қылмай өсірді, - дейді ол.

Тұрғанбай Құрманбайұлының тәлім-тағылымын алып өскен балалары да ғылым-білім жолына түсіп, әке ісін жалғастырды. Үлкен қызы – Гүлнар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясында доцент болып қызмет атқарады, медицина ғылымдарының кандидаты. Бүгінде студенттерге сапалы білім беріп, ұстаздық етіп жүр.



Ортаншы қызы Гүлдана Қостанай қаласындағы телеарнада 10 жылға жуық диктор болып істеді. Қазір Елордада қызметте. Ұлы болса екі оқу орнын бітірген білікті маман еді. Алайда ауыр науқастан 2015 жылы қайтыс болды. Алланың ісіне көнбеске амал жоқ.

Ғылым зор еңбекпен ізденісті талап ететін сала. Ғылымға ат үсті қарауға болмайды. Тұрғанбай аға Алматыда оқып жүрген шағында-ақ диссертациясын бастап қойған. Оны Көкшетауда жалғастырды. Біраз тер төгуге тура келді. Қостанайдағы Ауыл шаруашылығы институтына қызметте жүріп аяқтады.

Тұрғанбай ағаның адал досы, қызметтес-әріптессерігі болған Владимир Иванович Кальнаус. Бүгінде ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы кафедрасының профессоры. Владимир Иванович 1976 жылы ақпан айында Тұрғанбай Құрманбайұлы екеуі үлкен бір ғылыми байқауға өтініш бергендерін айтады: «Ол Көкшетауда жүріп кандидаттық диссертациясын бастап жазды. Қостанайға келгенде диссертациясы дайын болып, кейінірек Ресейдің Саратов қаласындағы «Микроб» институтында қорғап шықты. Оны барша әріптестерімен студенттер құрметтейтін. Сол заманда Ю.А. Гагарин атындағы «Учхоз» кеңшарында 5 жыл бойына күз айларында картоп жинау науқанына жауапты болды. 500 гектарлық жерді студенттермен игерді. Танертең студенттерді тұрғызып, жұмысқа алып барып, қас қарайғанша басы-қасында жүріп қызмет қылды. Қажырлы еңбектенді. Адамдық қадір-қасиеті жоғары болатын. Бәрі сыйлады, құрметтеді. Кең пейіл, жомарт. Ешқашан ешкімді алдаған емес, әділ болды».

Тұрғанбай Құрманбайұлы осылайша 1978 жылы Ресейдің Саратов қаласындағы «Микроб» деп аталатын ғылыми-зертханалық институтының биология кафедрасында кандидаттық диссертациясын өте жоғары деңгейде қорғайды. Сөйтіп Биология ғылымдарының кандидаты атағын алады. Диссертациясын қорғағаннан кейін,



бірер жылдан соң доцент атанды. Арасында Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында да қызмет етті. Зоология факультетінің кафедра меңгерушісі болды. 1979-80 жылдары қайтадан Ауыл шаруашылығы институтына ауысты. Ұлжан апа да осы оқу орнында қызметте болатын. Екеуі 35 жыл бойына қызу қызмет атқарды.

Осы аралықта көптеген оқу-әдістемелік құралдары мен кітапшалары жарық көрді. Бәрі өзі қызмет атқарған оқу орын кітапханасында сақтаулы. Ғылыми мақалары тұрақты жарияланып тұрды. Көптеген алғыс хат, төсбелгілермен марапатталды. Ғылымға, ілімге толы өмір жолы жаман болған жоқ. 2004 жылы құрметті зейнет жасына шықты. 2013 жылдың 1-маусымында өкінішке қарай пәниден бақиға аттанып кете барды. Дегенмен де, бүгінде Тұрғанбай Құрманбайұлының ізін жалғастырған шәкірттері баршылық. Кезінде өзі дәріс берген студенттері, бүгінде әр жерлерде абыройлы еңбек етіп, ұстаз мерейін асқақтатып жүр. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қазақтың қанатты сөзі Тұрғанбай Құрманбайұлына қарата айтылғандай...

Сералы РАМАНҰЛЫ,
Журналист



ҚМУ ПРОФЕССОРЛАРЫ ҮЗДІК ОНДЫҚТА!



Қай елде болмасын білім, ғылым үнемі жоғары бағаланып, үлкен құрметке ие болған. Себебі, ғылым жолы оңайлықпен күрмеуі шешіле кететін іс емес екендігі мәлім. Әр жұмыс ақиқатқа жету жолында білім, ынта, ерік-жігер және бастысы бір күндік емес, бірнеше жылдық тынбай ізденісті талап етеді. Елбасы жыл сайын ғылым мен білімге үлкен мән береді. Себебі, елдің келешегі аталған құндылықтарға тікелей байланысты.

Елордамыз Астана қаласында "Н.Ә. Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделіне арналған үздік ғылыми жобалардың республикалық конкурсы" өткізілді. Аталмыш бастамаға Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясымен мұрындық болды. Оған Қазақстанның әр аймағынан түрлі тақырыптардағы ғылыми зерттеу жұмыстары ұсынылды. Байқау аймақтық, республикалық және қорытынды үш кезеңнен тұрды. Аймақтық кезеңге қыркүйек айында жұмыстар қабылданды.

Жақында байқаудың қорытынды кезеңі өткізіліп, комиссия шешімі бойынша жобалардың ішінен ең үздік 10 жұмыс іріктелді. Қостанай облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың мүшелері филология ғылымдарының докторы, профессор Алмасбек Әбсадық пен философия ғылымдарының кандидаты, профессор Қалқаман Жақыптың бірлесе жасаған ғылыми жобалары жүлделі он жобаның қатарынан табылып, арнайы дипломмен марапатталды. Ұстаздарды жетістігімен құттықтай отыра, шығармашылық табыс тілейміз.

Қос профессор ұсынған жоба «Кейкі батыр: ерлік пен елдік өнегесі» деп аталады. Ол 2017 жылы өткізілген «Ұлы Дала тұлғалары: Кейкі батыр ізімен» атты ғылыми-ағартушылық экспедицияның қорытындысы бойынша жасалды. Алдағы уақытта аталмыш еңбектің нәтижесі арнайы кітапқа басылып шығады деп жоспарланып отыр.

Жамал ШАУКЕНҚЫЗЫ,
Журналистика мамандығының 4 курс студенті

(Суретте: ф.ғ. докторы Алмасбек Әбдісадық пен философия ғ.к Қалқаман Жақып)



ЕЛ ЕРТЕҢІ - БІЛІМДІ ЖАСТАР

Кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші ол - жастар. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі - жастар секторы.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының аясында жоғарғы оқу орындарының арасында «5 жаңа есім» жобасы іске аспақ. Бұл жоба несімен маңызды болмақ? «Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 27 жыл болды. Бұл - тарих тұрғысынан қас-қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр...», - делінген Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында. Ал бәрімізге белгілі болғандай, сол алуан түрлі жандардың ортасында жастар көптеп кездеседі. Жастардың қоғамға тигізген пайдасы ескерусіз қалуға болмайды. Қазақстанның болашағы бола білген бүгінгі өскелең ұрпаққа сенім мол.

Сондай жастардың бірі де, бірегейі бола білген Бұқабаев Әнуар Омарұлы. Әнуар Омарұлы, 1996 жылы 3 желтоқсанда Алматы облысы Кербұлақ ауданы Қарашоқы ауылында дүниеге келген. 2014 жылы Қостанай қаласының №10 орта мектебін бітіріп, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне аграрлық техника және технология мамандығына оқуға түседі. 2 күрстың ортасынан бастап «Ахмет Ұрпақтары» пікірсайыс клубына қатысады. Осы клубта 2015-2018 жылдар аралығында облыстық, республикалық және халықаралық турнирлерде жүлделі орынға ие болды. Сондай-ақ халықаралық пікірсайыс бойынша білім беру ассоциациясының (IDEA, Алматы қаласы 2017 ж.) сертификатталған тренері. Үш жыл барысында қалалық пікірсайыс бірлестігінің дамуына үлес қоса білді. Қазіргі таңда мектеп, колледж және университет студенттеріне пікірсайыс жайлы лекция, семинар және тренинг өткізіп тұрады. 2018 жылы оқуын аяқтап, осы университеттің «Жастар бастамаларын дамыту орталығының» маманы ретінде жұмысқа қабылданды. Тағайындалған қызметі жайлы Әнуар мырза былай дейді: «Бұл жұмыс енді тек пікірсайысты ғана емес, басқа студенттік клубтардың да жұмыстарымен тығыз байланысты. Студенттермен жұмыс істеу өте қызық әрі пайдалы. Студенттердің тың идеяларымен жұмыс істеу қызық, бірақ оңайға соға қоймайды. Сол себептен әрбір әрқайсысымен тіл табысып, жүктелген қызметті абыройлы атқаруға тырысамын».

Осындай аз уақыт ішінде қаншама белестерді бағындырып үлгерген жалынды жастың, алда бұдан да үлкен жетістіктерге жететініне сеніміміз мол.

Назерке ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті





КОММУНИКАЦИЯ ЖҮЙЕСІНДЕГІ

XXI-ғасыр қоғам үшін ақпараттық қарым-қатынастың атқаратын міндеті уақыт өткен сайын еселене түсе беретінін айқындалды. Жаңа техникалық прогрестер, түбегейлі қоғамдық өзгерістер, ақпарат саласында бірнеше тың қадамдар жасады. Ақпараттық байланыстың қарқынды дамуы айналаға ықпалын тигізіп, ақпарат ағынының аясын біршама кеңейтті. Дегенмен, бұл үрдіс заман талабына сай бірқалыпты жүрмейтіні белгілі. Ақпараттың біздің өмірімізге етене енгені соншалық енді оны зерттеп, саралайтын уақыт туды. Осыған байланысты коммуникация, масс-медиа секілді терминдерді осы саладағы сөздік қорымыздың ажырамас бөлігіне айналдырып, бұқаралық ақпарат құралдарын коммуникацияның құралы ретінде қарастыра бастадық. Коммуникация саласын зерттеуші ғалымдар М.Бубер, К.Ясперс, К.Юнг, П.Бурдьё, Г.Ласуэлл коммуникацияны диалог ретінде қарастырады. Мәдениаралық коммуникация саласында зерттеу жүргізіп жүрген Қазақстандық ғалымдар А.М. Ержанова, А.Т. Күлсариева, Т.Х. Рабитовалар өздерінің мәдениет, философиялық тұрғыдағы еңбектерінде коммуникативтік мәдениеттің кейбір аспектілерін мысалға келтіргенін атап өтуге болады.

Байланыс, қарым-қатынас дегенді білдіретін коммуникацияның элементтерін біз өзіміздің тарихымызда жиі кездестіреміз. Сөз- коммуникацияның негізгі құралы болып табылады. Қазақ сөзге тоқтаған, сөзге бас иген, сөздің қадірін түсініп, дәріптеген ел. Адамзат ақыл-ойы тұғызған небір ғажайыптар ішіндегі уақыт сынына төтеп беріп, адамзатпен жасасып, келе жатқан ең көне, ең бір күдіретті өнер – ол сөз өнері. Дүниені билейтін – сөз, сөзді билейтін – атақты шешендер, би-көсемдер, ақын-жыраулар екені әлімсақтан белгілі жай.

Тарихымызда ерекше орын алған Абылай ханның Ақ Ордасында алысты болжаған абыз, әрі ақиқат ақберені Бұқар жырау ақылмандық қызмет атқарды. Ол сол кезде-ақ, бастауын батыстан алдық деп жүрген бүгінгі PR маманының функциясын атқарған. Халық «өнер алды – қызыл тіл» десе, Бұқар жырау – бұл мақалдың даналығын әбден ұғынған адам. Ол сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де білген. Сондықтан жырау: «Ел бастау қиын емес- қонатын жерден көл табылады. Қол бастау қиын емес - шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ»-дейді. Яғни, сөз арқылы коммуникациялық байланысқа түсудің мәні мен маңызының зор екенін сипаттап берген. Бұл жерде біз шешендік өнерді коммуникацияның каналы ретінде қарастыра аламыз.

Бұқар жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел - жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси - әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Бұл жырлардан бүгінгі саяси коммуникацияның элементтерін көруге болады.

Бір қызығы, қазақтың хандық мемлекеттік дәуірінде қазақ хандары Бұқар сияқты халықтың сөзін ұстаған жыраулардың айтқан сынын тындап, содан нәтиже шығарып, тіпті қысылғанда жыраулардың кеңесіне құлақ асып іс қылғанына ескі тарих куә. Хан Абылай да Бұқар

жыраудың өткір сындарына әр кез құлақ асып, оны ел ісінде ескерген. Сол дәуірдегі Бұқар жырау хан мен қараның арасына дәнекер болып, елде болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайларды ханға жеткізіп, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда халықтың көзі, құлағы һәм тілі болған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден - бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басына біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Бүгінгі айтып жүрген имидждік коммуникацияны осы жырлардан көруге болады. Қазақ халқының ауыз әдебиетін сол дәуірдегі коммуникация каналы деп қарастыруға толық негіз бар.

«Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.»- деп, Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тарихымыздың бүгінгі күнмен үндесіп жатқан тұстарына үлкен мән беру керектігін ескертеді.

XX ғасыр үлкен өзгерістер мен технологиялық прогрестер дәуірі болды. Қоғамдағы коммуникация жаңа деңгейге көтерілді. Ол кезде коммуникацияның негізі сонау б.ғ.д. IV ғасырда Аристотельмен қаланған бір ғана моделі болды. Ол модель мына элементтерден тұрды: «шешен-сөз-аудитория». Халқымыздың айтыс өнерінен осы модель элементтерін көруге болады. Айтыс – ақындар үшін сөз таласы, сөз барымтасы, сөз майданы ғана емес. Ол – ақындық өнер салыстыратын, жауаптаса отырып, білім шарқын байқататын жер.

Сондықтан да айтысқа түсетін әрбір ақын бұл жағдайды жақсы ұғынып, үлкен дайындықпен келетін болған. Бұл жерден біз ақпараттандыру, білім беру, танымдық, әлеуметтік тағы да басқа болып жіктелетін коммуникацияның функцияларын көре аламыз.

Айтыс-диалог, дискуссия, дөңгелек стол, ток-шоу секілді коммуникацияның пішіні болып табылады.

Бүгінгі тілге аударсақ: «коммуникатор-хабарлама-коммуникант». Бұл коммуникацияның негізгі мақсаты адресаттың айтылған ақпаратты естуі. Яғни бұл жерде шешендік өнердің басымдығын көреміз.

Негізі Аристотельмен қаланған бұл модель XX-ғасырға дейін саясат пен саяси үгіттерде жиі қолданылды. Уақыт өте келе, телевизия, кино, радио арқылы бұқаралық коммуникацияның шарықтап дамуы Аристотель белгілеген коммуникацияның моделіне көптеген өзгерістер енгізді. Осыған байланысты қазіргі коммуникацияны зерттеуді алғашқылардың бірі болып американдық саясаттанушы Гарольд Лассуэлл қолға алады. 1948 жылы ол «5W» атты бес элементтен тұратын коммуникацияның жаңа моделін ұсынады:

1. Ақпарат көзі

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

2. Ақпарат
3. Ақпарат беру әдісі
4. Ақпарат алушы
5. Коммуникацияның тиімділігі

Бұндағы ақпарат көзі-коммуникацияның объектісі болса, ақпарат алушы субъектісі болып табылады. Коммуникация коммуникативтік актілерден құралады, пікір айтушылар, оны түсіндірушілер коммуниканттар деп аталады. Жыл сайынғы Елбасының халыққа жолдауын коммуникациялық үрдіс деп қарастырсақ, осы жолдауды халыққа жеткізуші БАҚ өкілдері, үгіт топтары коммуниканттар болып табылады. Елімізде өткен ЭКСПО-2017 көрмесі коммуникацияның осы моделінің айқын көрінісі болып табылады.

ЭКСПО көрмелері қашан да тыңнан түрен салған ғылыми жаңалықтардың, тосын ойлы өнертапқыштықтың ордасы бола білді. Қай кезде де сол дәуірдің тынысын сездіретін, халықаралық жағдайдың айна-қатесіз көрінісін дөп басатын әлемдік деңгейдегі оқиға. Өркениеттің дамуына ерекше үлес қосқан 160 жылдық тарихы бар ЭКСПО көрмелері адамзаттық мәселелерді шешуде ортақ шешім іздеудің, белгілі бір ортақ жол ұсынудың онтайлы коммуникацияның құралы болды. ЭКСПО кейде заманауи өнер сахнасына да айналып, елдің мәдениетін, дәстүрі мен тарихын насихаттау үшін кенінен пайдаланылады.

Бұндай көрмелер бүкіләлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады. Сонымен қатар, көрме экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастырудың коммуникациялық алаңы қызметін атқарды. Еліміздегі күні бүгінге дейін инновация, бизнес, мәдениет саласында жасалып жатқан екі жақты тиімді келісімшарттар ЭКСПО-да жүргізілген коммуникацияның нәтижесі болып табылады.

Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" атанған Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Риторика» атты ғылыми трактатында: Әңгіме айтатын адамның бет әлпетінің кейпі, оның денесінің тұрқы мен мүшелерінің қалпы сол адамның қылығы болып табылады деген. Сөйлеу арқылы адамдар өзара еркін түсінісе алады. Коммуникациялық қызметте тіл танымдық-белгілік мәнге ие болып, адамды әлеуметтік тұлға дәрежесіне көтерудің маңызды тірегіне айналады.

Сөйлеу коммуникацияның әмбебап құралы болып табылады, яғни ақпарат беру кезінде оның көмегімен хабарламаның мағынасы беріледі. Коммуникация – өзінді басқадан табуына көмектесетін, қарым-қатынасты білдіретін философияның категориясы. К.Ясперстің экзистенциализмінде, сондай-ақ қазіргі француз персонализмінде мейлінше толық көрініс тапты. Тарихи жағынан коммуникация туралы ілім ағартушылыққа қарай өрлейтін қоғамдық шарт доктринасына қарама-қарсы қалыптасты. Коммуникация теориясын жақтаушылар (К.Ясперс, Б.Больнов, Э.Мунье) негізінен алғанда қоғамдық шарт дегеніміз контракт, мәміле деп атап көрсетеді.

Бұл үрдіс те қазақ халқының халық ауыз әдебиетінде кең көрініс тапқан. Мысалы, XIX ғасырда өмір сүрген Майлықожа ақын өзінің бір толғауында былай дейді:

Өңкей жаксы қосылса,
Бітіреді кенесті.
Өңкей жаман қосылса,



Шығарады егесті.

Мәмілемен іс бітер

Бас қосып қалса көп есті. Бүгінгі таңда әлемдік масштабта Қазақстан мәмілеге келудегі коммуникациялық алаңға айналып отыр. Бұны біз Елбасымыздың арқасына жүзеге асып жатқан әр түрлі саяси іс-шаралардан көре аламыз. Әлемдегі бейбітшілікті сақтап қалу мақсатында жүзеге асырылып аталмыш шаралар өз жемісін де беруде. Елбасы халқының басым көпшілігі мұсылман болып табылатын қазақ еліне әлемдегі католиктердің дінбасы, Рим Папасы Иоанн Павел II-ні шақырды. Ол еліміздегі татулыққа риза болып, ізгі тілегін білдірді. Әлемнің жүзден астам елдерінен келген БАҚ өкілдері Папаның бұл сөздерін дүние жүзіне жайды. Яғни бұл еліміздің имиджін қалыптастырған тиімді коммуникациялық байланыс болып табылды.

Елбасының қолдауымен Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үш құрылтайы өткізіліп, бүкіл әлем Қазақстандағы ұлтаралық татулық пен түсіністіктің, рухани келісім мен өзара үйлесімнің куәсі болды. Тағы бір бастама, тағы бір жүзеге асқан идея – бұрынғы кеңестік кеңістіктегі республикалардың интеграциясы өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), 2000 жылы Астанада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) құрылса, он жылдан кейін – тағы да Астанада Кеден одағы дүниеге келді. Осындай коммуникация пішінінде нәтижелі өткен іс-шаралар еліміздің жағымды имиджін құруда, атап айтар болсақ, бітімгершілік ел имиджін қалыптастыруда орасан роль атқарады.

Гүлшат МАРҚАБАЕВА
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік
университеті
журналистика мамандығының 1-курс
докторанты



ҚАРАБАЛЫҚ - ШАҢЫРАҚ

**Ақылбек Шаяхмет,
жалпытүріктік мәдениет
пен әдебиетті дамытуға қосқан
үлесі үшін Махмұт Қашқари
атындағы халықаралық
сыйлықтың, Мұхамед Дула-
ти атындағы халықаралық
сыйлықтың және халықаралық
«Алаш» сыйлығының лауреаты**

Қыпшақ шежіресінде Қарабалық Орта жүздегі Қыпшақ тайпасының Қарақыпшақ тармағынан тарайтын ру, бес таңбалы қыпшақтың бірі деп көрсетіледі. Қарабалықтан: Қыдырбай, Қарсақ, Қарта, Жантілес, Шуманак, Танабұға, тағы басқа рулардың ұрпақтары тарайды.

«Бұлтың бітті бойыма - билік кірді ойыма;

Торы бітті бойыма - зорлық кірді ойыма;

Ұзын бітті бойыма - ерлік кірді ойыма;

Көлденең бітті бойыма - сауда кірді ойыма;

Қарабалық бітті бойыма - байлық кірді ойыма» деген Алтыншаш ананың айтқан сөзі күні бүгінге дейін ел аузында.

Мәшһүр-Жүсіптің «Жеке бір деректер» деген тарихи-этникалық мақаласында қыпшақ руы туралы деректер келтірілген. Сол мақалада ол: «Қол таңбалы Ұзынқыпшақ атанады, олар – «Бұлтың бітті бойыма, Көптік толды үйіме (ойыма)» – дегенде, Әлиф таңбалы Бұлтың Қыпшақ жағы басады. «Торы бітті бойыма, Кемшілік толды ойыма» – дегенде Мойын таңбалы Торықыпшақ, бұлар таңбасын мойынынан басады. «Балық (дұрысы Қарабалық) бітті бойыма, Байлық толды ойыма» – дегенде Қарын таңбалы Қарабалық атанады. Таңбасын қарыннан басады. Көсеу таңбалы көлденең Қыпшақ бар. Бұлардың бәрін «Бес таңбалы» – дейді. Олардың арғы атасы Қарақыпшақ Қобыланды батыр екен. Біреулер Мүйізді Сарыалыптан – Құлан – Қытай – Қара – Сары. Қарадан – Есімсейіт – Қобылан – Қобыланнан – Токтар. Токтардың баласы бес таңбалы дейді. Ал енді біреу – Темірқазықтан – Токтамыстың биінің бірі – Қарақыпшақ Қобыланды дейді – ол қате жаңылыс сөз» - дейді.

Енді орыс шенеуніктері жазған мына құжатқа назар салайық: «...Все сии частей или родов Среднейкиргиз-

ской орды состоят, кроме подчиненных китайцам, под управлением сибирского пограничного начальства. Они составляют между собою союз, или как бы особую орду, отделяясь через сие от сообщества всех прочих киргизских родов.

Кипчацкий-карабалык - 4отделения, до 3000 семей. Начальствуют старейшины Мамет и Есбулат.

Кипчацкий-танабуга- 6 отделений, до 2000 семей. Начальники: старейшины Чалпаң,Қазыбай, и Толеген.

Кипчацкий - кундаля (дұрысы Көлденең) - 4 отделения, до 2000 семей. Главные между ими Тайтемир и Кунакбай.

Сии три особые части кипчацкого рода кочуют летом по рекам Тоболу и Аяту, и по источникам сей последней от вершины до самого ее устья; зимою-близ линии, начиная от крепости Степной до города Троицка и против сих мест в степи. Всеми частями управляют султаны Джегангир и Баба Каипхановы. Торг производят в городе Троицке!

Гавердовский Я.П. Обзорение киргиз-кайсаков степи 1803-1804 годов

Бұл құжатта Танабұға бөлек тайпа ретінде көрсетіліпті. Шын мәнісінде Танабұға да Қарабалықтан тарайды. Ал осында есімі аталған Қазыбай бидің бейіті Қарабалық ауданына қарасты «Өрнек» ауылының қасында орналасқан.

Орыс императорлық географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің корреспондент-мүшесі Б.Даулбаев Воронежде 1903 жылы орыс тілінде жарық көрген «Рассказ о жизни киргиз Николаевского уезда Тургайской области с 1830 по 1880 годы» деп аталған материалында: «Назад тому 50 лет киргизы кыпчакского рода карабалыцкого и кульденского, около 3000 кибиток, управляемые своими родоначальниками, из которых самыими известными были батыры Карабалык и Жабагы, во время лета кочевали по всем обширным степям,начинаая от реки Тобола до озера Уркач, а к зиме откочевывали к реке Тогузак (по берегам их находятся поселения)» - деп жазыпты.

Кенже бала болған соң Қарабалық шаңырақ иесі болып есептелген. Өз

қарауындағы ел-жұртын Қарабалық қазіргі Қостанай облысының Үй, Тобыл, Әйет, Тоғызак өзендері бойына қоныстандырған.Арқаның ақиық ақыны Нұржан Наушабайұлы кезінде :

«Жанына өлшеп балаған,
Бес қыпшаққа қараған,
Үй, Тоғызак , Әйет пен
Орман, ағаш, неше көл
Тобылменен арада
Жұртты жаман бүлдірді
Ит абалап қабаған.
Қара қазан, сар баланың
Еш адам жок бұл жұртта
Қамын ойлап жылаған.
Ұйықтама, оян, Алашым!...» - деп жырлаған.

Бұл деректерден байқайтынымыз Қарабалық бабамыз өте бай болған. Әрі батырлық көрсеткен. Қарт ақын Өтеміс Қалабаев көзі тірісінде Қарабалықтың бес қаруы сай болған, өзі де талай шайқасқа қатысқан, бірақ ел аузында оның ерліктері туралы деректер жоқтың қасы дегенді айтқан болатын. Қарабалық бабаның белінде қылыш болса, атының қанжығасында шокпары байлаулы тұрады екен. Ал қалқанының тура ортасында қос әліп – Қыпшақ руының таңбасы болған. Ел есінде сақталған әңгімелерге қарағанда Қарабалықтың өзі ғана емес, кейінгі ұрпақтары да шетінен батыр болған.

Қара қыпшақ Қобыланды батырдың тікелей ұрпақтары Жаңбыршы мен Жиенбай батырлар қазіргі Қостанай қаласынан он бес шақырымдай жерде Талапкер ауылының жанында жұртты жиғызып, қолдан үйгізіп, қарауыл төбе тұрғызған. Бұл төбе «Кенесары көкжиеғы» деген атпен тарихта қалды.

Қостанай өңірінің Нұржан ақынның сөзімен айтқанда «бес қыпшаққа қараған қонысы» бір жағы қазіргі Ресейдің Челябинск облысындағы Қарталы, Троицк шаһарлары тұрған жерден облыстың Орынбормен шектесетін Жітіқара және Түйемойнақ жеріне дейін созылған. Қыпшақтардың көп қоныстанған мекені қазіргі Қостанай, Рудный, Лисаков қалалары, Қостанай, Обаған (қазіргі Алтынсарин ауданы), Әйет (қазіргі Таран ауданы), Қарабалық, Жанкелдин, Аманкелді, Сарыкөл, Мендіқара аудандары, Жаркөл (қазіргі Федоров ауданы).

ИЕСІ, ЕЛ КИЕСІ

Олардың қоңыстары бір жағы Қызылорда, бір жағы Ұлытау жеріне дейін созылып жатыр.

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин ел аралап жүріп, Марабай ақынның аузынан «Қобыланды» қиссасын жазып алып, оның «Тайбурылдың шабысы» деген тарауын 1879 жылы өзі құрастырған «Қырғыз хрестоматиясында» жариялаған. Аталған эпостың толық мәтінін Махмұтсұлтан Тұяқбаев деген кісі Қарабалық болысында тұрған жыршы Біржан Толымбаевтан жазып алып, 1914 жылы «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» деген атпен Қазан қаласында кітап қылып бастырған. Жырдың толық нұсқасының Қостанай өңірінен табылуы тегін емес.

Эпостың тағы бір варианты Мергенбай жыраудың айтуы бойынша қағазға түскен. Ол қазіргі Қостанай облысына қарасты Қарабалық ауданының тумасы, руы қарабалық қыпшақ, соның ішінде Қарсақ руынан. Көп жырларды жатқа білген, атакты жырау. 1911 жылы қайтыс болған. Академияға қолжазбаны Қарабалық ауданынан Шабай Қалмағамбетұлы деген кісі тапсырған.

Көрнекті сөз зергері Бейімбет Майлиннің туып-өскен елі қазіргі Қостанай облысының Таран ауданы талай ақындар мен батырлардың, билердің атамекені. Ел аузында жүрген шежіре деректеріне жүгінсек, қарабалық қыпшақтан Шоманак, Қарсақ, Танабұға, Жолыншы және Жолжақсы тараса, Жолыншыдан Сопы, Сопыдан Қарта туады. Жантілес Жолжақсының баласы. Қартадан Қошқар, Жауар, Мамажар, Мәметек, Әлеке және Әлігеш туады. Жабағы батырдың ата тегін одан әрі таратсақ, Қошқардан Тәуке, Тәукеден Сыма, Сымадан Токмәмбет, Ақжігіт, Ақмәмбет. Абылай ханнан бата алған, ақжолтай батыр атанған Түгел батыр осы Ақжігіттің баласы.

Түгелден Ипан, Ипаннан Жабағы батыр туған. Яғни, батырдың немересі де атаға тартып батыр болған. Батыр болайын деп ойламаған да шығар, айкасы мен шайқасы көп қысылтаяң заманы қанына тартып туған ұланды батыр қылған.

Ақжігіт көркем сөздің зергері Бейімбет Майлиннің түп атасы. Таратып айтатын болсақ, Ақжігіттен Өтеген, Қожық, Түгел, Атан, Жобал ту-

ады. Атаннан Тәукебай, Тәукебайдан Майлы, Майлыдан Жармағамбет, Жармағамбеттен Бейімбет. Сүйтіп батыр туғызған ел ақын да туғызған.

Түгелдің тарихының өзі аса қызық. Ақжігіттің келіншегі босанып, ұл тапқанын естіген жұрт сол кезде Хан ордасына жақын болған Ақжігіттің баласына ат тауып қоя алмайды. Сонда ханның өзі: «Ақжігіттің баласы маған да бала болады, ендеше баланың атын өзім қояйын, есімі Түгел болсын! Төрт құбыламызды түгендеп жүрсін!» – деп батасын беріпті. Түгел ер жетіп, жорықтарға қатысып, ерлігімен таныла бастайды. Жас жігіттің қысылтаянда жау қашырған осындай бір ерлігіне ырза болған Абылай хан оған: «Не қалайсың? Қаласаң, бағымды да, тағымды да берейін» десе керек. Сонда Түгел: «тағыңызды не қылайын, тақсыр, маған бағыңыз да жетеді. Бірақ, Алла-тағаланың берген бағы басыңыздан аумасын!» – деп жауап беріпті.

Бейімбет Майлин «Бай ермегі» деп аталатын өлеңінде (Б.Майлин. Ел сыры. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1994 жыл, 90 бет) осы өлеңнің кейіпкері Жұмағазы ақсақалдың аузымен Түгел батыр туралы кепті тілге тиек қылады.

«Түгел батыр қазақтың серкесі екен,
Алақанға салатын еркесі екен.
Ел қоңысы ол кезде Сыр, қуанда,
Құмды, шөлді, сонарды қылған мекен.

Түгел десе түп-түгел ақыл-қайрат,
Булыққан жігер-күші бойда қайнап.
Қатарын бала күннен басып-озып,
Қайтпайтын болат болып шыққан жайнап.»

Одан әрі Түгелдің пір іздеп шығып, әруақ қонған Абылай ханға жолығып, тілдескені, көміл пірден екеуі бірге барып бата алғаны айтылады:

Сондағы берген батасы мынандай:

«Саған деген батамды сақтап едім,
Келмесең де бір іздеп таппақ едім.
Шұбар туды найзанның ұшына іліп,
Тілек тілеп сыртыңнан жатпақ едім.
Нақ кереккен еліңе кезің еді,
Жәбір көріп көпірден безіп еді.
Сарыарқаны жыбырлап қалмақ қаптап,

Қазақ ұлын быт-шыт қып езіп еді.
Мынау жатқан шұбар ту саған белгі,
«Түгел!» деп шап, соңына ерт қалын елді.

Ықылас таза, батамды мен берейін,

Қолыңды жай, «Әмин!» деп жүгін енді.»

Түгел батырды Би-аған жаужүрек батыр ғана емес, елді соңына ерткен ақылы асқан ер есебінде сипаттайды: «Түгел» деген дауысы жерді жарды, Ер азамат, бағыланды ертіп алды. Сарыарқадан бір көпір қоймаймын деп,

Қалың қалмақ еліңе ойран салды.
«Түгел» десе әруақ қаптап кетті,
Қалың қосын қалмақты таптап кетті.

Қызын күн қып, ұлдарын құл қып айдап,

Қалың қазақ Арқаға қоңыс тепті.
Желбіреген шұбар ту жығылмады,
Үдей берді қалмақтың шұбырғаны.
Сарыарқаға қазақты орнатпақ боп,
Кеудесінде барында шыбын жаны.
Сарыарқаға қазақ кеп қоңыс алды,
Мал жайылып, семіріп, өріс алды.
Ел құтылып егескен қалың жаудан,
Береке орнап, аз уақыт тыныс алды.
Төрт түлік мал қыбырлап сыймай кетті,

Қызық дәурен сүретін мезгіл жетті.
Ас пенен той атаның мұрасы боп,
Алға салды қадірлеп би мен бекті».
Бейімбет Майлиннің бұл өлеңі 1923 жылы наурыз айында ауылда, яғни, Түгел батырдың ел-жұрты тұрып жатқан атамекенде жазылған.

Түгелден Ипан мен Жәнібек туса, Түгелдің Абылай хан өз қолынан берген жорық туы кенже балада қалған. Жәнібектен Қарақұл, Қарақұлдан Күсіп, Күсіптен Мырзағали туады. Мырзағалидың Сақтаған және Хасен есімді екі баласы болған. Хасен бұл күндері арамызда жоқ. Аталған сарыала ту оныңжұбайы, Таран ауданының орталығында тұрып жатқан Ысқақова Зағипа апай күтіп отырған батыр ұрпағының шанырағында сақтаулы. Көненің көзін апай біздерді танып, дәретін алып, Құран оқытып барып көрсетті. Қобдиша ішінде жатқан ту күн көзіне көрсетіп ұстаса үзіліп кетердей сүзіліп тұр. Туды көрген адамның бойында жігер пайда болады, көз алдына самсаған қалың қолдың алдында кетіп бара жатқан батырдың өзі келгендей әсер қалады.

ҚарақыпшақҚобыланды батырдың тікелей ұрпағы, ту байлап, жауға шапқан Жабағы батыр. Оныңқалмаққақарсы соғыстарда ерекше көзгетүскені белгілі.

(жалғасы келесі санында)

Мультимедияның
мәні

қатысқан университет ұстаздары мен студенттері маңызды мәлімет алды.

Жамал Шаукен, студент: «Бес минутсыз журналист болғандықтан аталмыш медиатренингтің мен үшін берері мол болды. Қазақстан бойынша Орал, Семей, Қарағанды қалаларынан кейін бұл жобаға біздің Қостанай қаласы ілгіп, осындай таптырмас мүмкіндікке ие болғанымға қуаныштымын. Жалпы алып қарасақ, бір жарым күн аз уақыттай көрінері анық. Алайда, осы аралықта таңсық болған қаншама жаңа дүниелерді білдім. Жаңалықтану, сапалы жаңалықты анықтаудың критерийлері, жаңа медианың артықшылықтары, Google-дың шексіз мүмкіндіктері (Trends, Advanced Search, Alerts), ең қызығы қарапайым ақпаратты бір минуттық видео ішіне сыйғызып, қалай қызықтырып беруге болатынын үйрендік. Семинар-тренингтен шексіз эмоция мен жаңашыл ақпаратқа қанығып шықтым. Білген құнды дүниелерімді алдағы уақытта қызметте қолданып, ары қарай жетілдіретін боламын. Аталмыш медиатренингтің ұйымдастырушыларына, журналист, медиатренер Асхат Еркімбай мен Баубек Сағындыққа алғысымды білдіремін. Жұмыстарына табыс тілеймін».

Ұзын сонар мәтінді оқып, оны талдап отыру бүгінгі заман талабына жауап бере алмайды. Себебі, қазіргі сәт нақтылық пен ықшамдылықты қажет етеді. Осы мазмұндас «Жаңалықтарды мультимедия көмегімен әзірлеу және тарату жолдары» атты тренингті Астана қаласының IQ-арна ұйымы ұйымдастырды. Медиатренерлер елімізге танымал Асхат Еркімбай және Баубек Сағындық. Республиканың әр қаласына барып, журналистерді дайындауда үлестерін қосып жүрген азаматтар журналистің бойында бар болуы керек қасиеттерді шыңдап, екі күннің ішінде біршама дағдыға үйретті. Журналистика саласының мамандары үшін тың ақпарат болды. Себебі екі-үш беттік көлемді мақаланы, 1 минуттық видеоға бар жоғы он сегіз сөзбен сыйдырып жазу оңай шаруа емес. Себебі өзекті мәселені көтеру, оның себебі мен салдарына үңілу, содан барып шешімін табуға көмектесу бұл нағыз маманның ісі. Семинарға

Нүрия Батырбекова, студент: «Жаңа медиа саласының жілігін шағып, майын ішіп жүрген Асхат ағайдың тренингіне қатысқанымға қуаныштымын! Асхат Еркімбай 2 күнгі тренингте жаңалықтарды тиімді әрі қысқа жеткізу, фактчекинг және жаңа медиадағы тың ақпараттармен бөлісті! Оған қоса, техникалық жағынан жаңа медиадағы видео өңдеу бағдарламасының қолайлы және тиімді түрлерімен таныстырып, білгенімен бөліскен Баубек ағайға да алғыс білдіремін».



ӘКЕ ПАРЫЗЫ

Туған жеріміз бен ұлтымыздың және мемлекеттік тәуелсіздігіміз бен қазақ елінің болашақ тағдыры – жастардың қолында. Сондықтан ұлдары мен қыздарын ар-ұятын биік ұстап, а д а м және қазақ деген қасиетті атаққа кір келтірмей, адами келбеті мен ұлттық болмысын сақтап, абыройлы өмір сүру қолынан келетін және ата-анасының алдындағы перзенттік парызы мен туған жері, қазақ халқы және қазақ елінің алдындағы азаматтық борышын толық орындай алатын, дені сау, білімі терең, адамгершілігі мол, саналы, ұ л т ж а н д ы азамат етіп тәрбиелеу - бұл әрбір от ағасы мен от анасының басты парызы.

Нағыз әке қандай болуы тиіс және баласының алдындағы әкенің парызы қандай міндеттерден тұрады? Қазақ жігіттері «әке парызын» қаншалықты дұрыс атқарып жүр? Осы өте маңызды мәселе туралы өз ойымды ортаға салып, дана халқымның пікірін білуді жөн көрдім.

Бірінші, ұлдары мен қыздарын ерекше қатты сүйетіні соншалық, бір күн көрмесе балаларын керемет сағынып қалатын, оларсыз өмір сүре алмайтын, баласы үшін барлық қиындықтарға төзіп, ештеңеден тайынбай, тауды да оп-оңай қопарып тастайтындай күш-қуат беріп, өмірін нұрландырған ұлы сезім, Жаратушы Раббымыздың адамзатқа берген нығметтерінің бірі - ә к е махаббаты жүрегін кернеген адам.

Екінші, балаларының дендері сау болуына және оларды дәмді тамақтармен, киетін сәнді әрі жылы киімдермен, өмір сүруге жайлы ірі қалада орналасқан кең әрі әдемі баспанамен қамтамасыз етуге және ұлдары мен қыздарының барлық өтініштерін орындауға өзін ж а у а п т ы санайтын адам.

Үшінші, балаларының мектепте сапалы орта білім алуына және беделді университетке оқуға түсіп, оқу орынын өте абыройлы аяқтап, білімі терең, білікті кәсіби маман болып қалыптасуына және беделді мекемелердің біріне мамандығы бойынша ұлдары мен қыздарының жалақысы жоғары жұмысқа орналасуына және қызметін абыройлы атқаруына өзін жауапты санайтын адам.

Төртінші, ұлдары мен қыздарын атасы мен әжесін ерекше жақсы көріп, құрметтейтін, ақыл-кеңестерін өте мұқият тыңдап, талаптарын бұлжытпай орындайтын, үміттерін ақтайтын саналы немере болуға үйретуге, өзімен бірге туған бауырлары және туыстары арасындағы туыстық ыстық сезім мен сыйластық олардың ұлдары мен қыздарына да жұғысты болып, өшіп қалмай жалғасуы үшін туыс балаларды жас кезінен бірге өсіріп, бір-бірімен жиі араластырудың арқасында ұзақ уақыт туыстарын көрмесе сағынып, іздеп тұратын бауырмал азамат етіп тәрбиелеуге және «әкеңе не көрсетсең, балаңнан соны көрерсің» деген киелі сөздің қасиетін білетін, ұрпағын жалғастырып, сый-құрмет көрсетіп, қартайған әке-шешесін мәпелеп бағу арқылы балаларына жақсы үлгі-өнеге болып, перзенттік парыздарын абыройлы орындауға баулуға жауапты адам.

Бесінші, өзінің мінезіндегі кемшіліктерді толық жойып, істеріндегі қателіктерді түзетіп, пендешілік сезімдерді бойынан қуып шығып, адамгершілік ізгі қасиеттерді жүрегінің ең төріне шығарып, сезімдерін нұрлы ақылға бағындырып, мінезі көркем, білімі терең, рухани жан дүниесі өте бай, ар-ұяты кіршіксіз таза, намысы ояу, ниеті ақ, пейілі кең, қайратты, саналы азамат болып қалыптасып,

ар-ұяты мен абыройын бөрінен де биік ұстап, нағыз адамға ғана тән ережемен өмір сүріп, тағылымы мол үлгі-өнеге көрсету арқылы ұлдары мен қыздарын адам деген қасиетті атаққа кір келтірмей, толыққанды адам болып өмір сүру, адами келбетін жоғалтып алмау – бұл әрбір пенденің басты парызы екенін үйретуге жауапты адам.

Алтыншы, бабалар аманатына адал болуды, қазақ халқының абыройын асқақтатып, қазақ елінің «мәңгілік ел» болуына қомақты үлес қосуды басты парызы санайтын, атамекенін жердің жәннатына теңеп, бөтен жерге ешқашан айырбастамайтын, ана тіліне ешбір тілді тең көрмейтін, «басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болып», не көрсе де туған халқымен бірге көруді қалайтын және туған жерін, қазақ халқын, қазақ елін, Отанын текті бабаларымызша сүйетін, ұлттық санасы жетілген, ұлттық рухы мықты, тарихи жады кең, ұлттық болмысын сақтаған ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге жауапты адам.

Жетінші, артында өшпейтін із, өлмейтін сөз қалдырған, болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге болуға лайық тарихи тұлға деңгейіне көтеріліп, мағыналы өмір сүріп, бұл фәниден өкінбей өту үшін қазақ жастары қандай мақсаттарға ұмтылып, қандай принциптерге сүйенуі тиіс және қандай рухани құндылықтарды қастерлеп, кімнің мүддесін қорғауы қажет, қандай парыздарын абыройлы орындап, кімдерге адал қызмет жасау керек, қандай дұшпанын жеңіп, қандай жетістіктерге жетуі тиіс екенін ұлдары мен қыздарына түсіндіріп, «өмір - сынақ, ал адам бұл өмірге уақытша ғана келген қонақ» екенін ұғындыратын жауапты адам.

Тоғызыншы, баласының сөйлеген сөздеріндегі, атқарған істеріндегі, өмірге көзқарасындағы қателіктер мен мінезіндегі кемшіліктерге сын көзбен қарайтын сыншы, дұрыс ақыл-кеңес беріп, жақсы үлгі-өнеге көрсетіп, ұлы мен қызының бойына адамгершілік қасиеттер мен ұлттық рухани құндылықтардың дәнін сеуіп, тағылымы мол тәрбие беруші, ұлын үйлендіріп, сүйкімді келін түсіріп, дені сау, атқа мінер немерелер сүйіп, ұрпағының жалғасқанын және адамгершілігі мол,

білімі терең, ұлтжанды азамат болып өскенін көруді армандайтын, ал қызын құтты жеріне қондырып, сыйлы келін, бақытты ана, сүйкімді келіншек атанып, өнегелі жанұя болғанын тілейтін адам.

Оныншы, баласы биік асуларды бағындырып, үлкен жеңістер мен жетістіктерге жетсе, бөркін аспанға атып керемет қуанатын, баласының бойынан жақсы қасиет көрсе, марқайып қалатын, ұлы мен қызының бойындағы пендешілік сезімдерге, мінезіндегі кемшіліктерге және істеріндегі қателіктерге көңілі толмай, уайымдайтын, ұлы мен қызын, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, мейірімін төгіп өсірген еңбегінің жемісін жеуге, бейнетінің зейнетін көруге өте лайық, ұрпағына еңбегі сіңген, балаларынан үлкен үміт күтіп отырған адам.

**Нұрлыбай
ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,**
Қостанай мемлекеттік
университетінің профессоры, физика – математика
ғылымдарының кандидаты.



Каникулды күткен қыз

Жақында жазушы, журналист Қуандық Түменбайдың «Каникулды күткен қыз» атты хикаясын оқып шықтым. Оқиға желісі көп балалы күрішшілер отбасында тәрбиеленіп жатқан Айгүл есімді қыз баланың каникулды асыға күткені жайлы. Айгүл төртінші сыныптың оқушысы, туғанынан оң аяғы сол аяғынан қысқа болып, кеміс туған.

Айгүлдің ата-анасы күріш жинауға кеткен кезде кенже інісі Талғатқа қарап үйде отырады. Сабаққа бармағанына да біраз уақыт болып қалған. Ол айналасындағы достарынан, тіптен бауырларынан көп кемшілік естиді. Өзінің кеміс туғанына іштей налиды. Сыныптастары егістікке барса, сыныпты жинаса, басқа да шараларға баратын болса Айгүл үнемі сыныпта өзі жалғыз қалады.

Ол әнді өзінің жіңішке дауысымен әдемі шырқайды, бірақ, өзінің кеміс аяғымен сахнаға шығуға ыңғайсызданады. Сол себептен ән айтқысы келмейді. Айгүл төртінші сыныпта оқыса да өте сауатты қыз. Көрші тұратын Айман апайдың (Айман апаны Айгүлдің ата-анасы жақтыртпайды) жалғыз ұлы әскерде болатын. Айгүл үнемі сабақтан шыққан соң Айман апасына соғып, хәл-жағдайын біліп, ұлынан хат келсе, соны оқып беріп, анасының атынан ұлына хат жазып беретін. Ал анасы Айгүл үйге сабақтан кеш келген уақытта оған үнемі сол үшін ұрысатын.

Бір күні Айгүл теледидардан денсаулық жайлы бір бағдарламадан өзі секілді қызды Москвада дәрігердің емдеп жазғаны жайлы естиді. Соны көргелі Айгүл тек сол жайлы ойлап, екі аяғым түзу болса, сыныптастарыммен бірге мен де егістікке барып көмек беремін, үлкен сахналарға ұялмай

шығып халық алдында ән шырқаймын деп армандай бастайды. Бұл жайды Айгүл ата-анасына айтады. Ал олар болса күзгі каникулда барарсын деп жауап қайтады. Өмірінде поезда отырып көрмеген Айгүл поездың вагонында отырып, кетіп бара жатқан өз бейнесін көз алдына елестетіп мәз болады. Сөйтіп каникул да келіп жетеді. Айгүлдің ата-анасының жұмысында қиындықтар туындап, өз шаруаларымен әлек болып жүрген соң бейкүнә сәби ештеңе де айта алмайды. Сонымен бұл арманын да ұмытып, үмітін үзе бастайды. Ертең сабақ басталады деп жүргенде анасы, «Айгүлге жолға жинал ертең Айман апаммен бірге Москваға барасың» деп хабарлайды. Оны естіген Айгүлдің есі шығып, қуаныштан бал-бұл жайнап, дереу заттарын жинай бастайды. Сонымен бұл оқиға Айгүлдің поезда кетіп бара жатқан жерінен аяқталады.

Менің ойымша, бұнымен автор әр ата-ана баласына көңіл бөліп, онымен сырласып, өз ойын жеткізіп, баласының не ойлайтыны жайлы білуі керек деген мағынада жазған. Айгүл есімді кішкентай қыз өз ата-анасынан көрмеген жылулықты Айман апасынан көреді. Тіптен ана-анасынан гөрі сол кісіні өзіне жақын тартады. Сол секілді қазіргі жұмыс басты ата-аналарға тек өз жұмыстарын ойламай, бір сәт баласына көңіл бөлуге меңзейді. Осы әңгімені оқи отырып жас ата-аналар, болашақ ата-аналар үлгі алады деп ойлаймын.

Айдана ТАЛҒАТ,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті

Адамның досы



Джек Лондон - әйгілі американдық жазушы, қоғам қайраткері. Ол, шытырман оқиғалы әңгімелер мен романдарының авторы ретінде де танымал. Джек Лондон КСРО-дағы Х.К.Андерсеннен кейінгі екінші танымал шетелдік жазушысы. Оның көптеген өлеңдері мен романдары жарық көрген. Мысалы: «Дочь снегов», «Игра», «Морской волк» және тағы басқалары. Соның бірі «Белый Клык» романы. Бұл туынды жазушыға үлкен табыс әкелген шығармалардың бірі. Енді, осы туындыға нақтырақ тоқталып кетсек.

Романның басты кейіпкері - «Белый Клык» атты қасқыр. Ол Солтүстік Сібірде туып, өмір сүреді. Оның ауыр өмірінде үш қожайыны болады. Гетс атты қожайыны Белый Клыктың өмірін аман сақтап қалып, оған күннен күнге бауыр басып жақсы қамқор болады.

Осы шығармада Джек Лондонның жеткізгісі келген басты идеясы: адамдардың жануарларға қалай қарайтынын, қандай жауыздықпен қарайтынын айтқысы келеді. Джек Лондонның «Белый Клык» романын оқу барысында менде бір пікір қалыптасты. Тіпті жабайы жануарды адам өзінің адал досына айналдыра алады. Барша оқырмандарға дәл осы туындыны оқуға кеңес беремін.

Аружан Нурғалимова,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті



Сенімен кездескенге дейін...



Джоджо Мойес махаббат туралы 15-тен астам әсерлі және романтикалық кітаптар жазған заманауи ағылшын жазушысы. 2012 жылы «Сенімен жолыққанға дейін» («До встречи с тобой») кітабы «The New York Times» нұсқасы бойынша әлемге әйгілі бестселлер болды. Кейіннен, роман әлемнің 30-дан астам тіліне аударылып, оқырмандардың жүрегін соншалық жаулай түсті, артынша бұл туынды экранға шығарылды.

Өмір кейде мәңгі күнгірт сезімін қалдырмай, шымшырт және қызық оқиғаларға толы болады. Көптеген адамдар үшін бұл өмір – жай күлкі мен ұйқы, бір із бойында жүретін ғұмыр іспеттес. Бірақ оқиғаның басты кейіпкері Лу Кларк бұл айтылған ойларға қарамақайшы келеді.

Ол бұл әлемді басқаша қабылдайды. Лудың ойынша, әлемдегі адамдардың бәрі бақытты. Ата-анасымен, әпкесімен және оның ұлымен бірге тұрады. Ол отбасына қаржылай қолдау көрсетеді. Оның өмірі тұрақтылықтан тұрады. Оның жұмысы да тұрақты – Лондонның маңындағы шағын асханада даяшы болып қызмет атқарады. Сонымен қатар, басты кейіпкердің тұрақты өмірінде сүйікті адамы бар.

Уилл – белсенді өмірге үйренген жас жігіт. Тау шырдары, аспан, мұхит – оның өмірінің бөлшегі. Жазатайым оқиғадан кейін ол мүгедектер арбасына танылады. Оған жаңа өмірін қабылдау қиынға түседі. Тіпті бірнеше рет өз-өзіне қол жұмсауға әрекет жасайды. Күндердің күнінде тағдыр өмірге деген көзқарастары екі бөлек адамдарды жолықтырады. Лу Кларк Уиллдің күтушісі болып жұмысқа тұрады.

Көптеген махаббат романдары сияқты, алдымен Уилл мен Лу бір-бірімен тіл табыса алмайды. Алайда, уақыт өте келе олар бір-біріне басқаша қарайды. Алдымен олардың көзқарастары өзгереді, артынша екеуінің арасында махаббат ұшқыны пайда бола-

ды.

Кітап шынайы сезімдерді тудырады. Өмір қызықты нәрсе, ол біздің ережелеріміз бойынша ойнағысы келмейді. Ол өз ойын шарттарын дұрыс деп есептей отырып өзгертеді. «Қандай нәрсе орын алмаса да, оның түбі жақсылыққа апарады» деген оймен келіскін-ақ келеді. Бірақ... неге "бірақ"? Мүмкін, ол дәл солай шығар. «Сенімен жолыққанға дейін» кітабының соңында сіз осы сұраққа жауап таба аласыз. Бірақ жауапты шығарманың беттерінен емес, өз жүрегіңізден де іздеуге тура келеді.

«Сенімен жолыққанға дейін» кітабы оқырмандарды бір сәтке болса да, олардың сезімін сезінуге, кейіпкерлердің өміріне саяхат жасауға мүмкіндік береді. Кітаптың авторы Джоджо Мойес махаббат тақырыбын бірінші рет қозғаған жоқ. Оның барлық кітаптары дерлік шынайы сезім мен романтикаға толы.

Кітапты оқу барысында мені ерекше сезім билеп алды. Кейіпкерлерге деген аяныш, ашулану мен сүйкімділікке дейін, тіпті іштегі көбелектер мен күлімсіреуден, қайғы мен еріксіз жасқа дейін бөледі.

Бұл кітапты оқу керек пе? Әрине, иә. Кейіпкерлердің тағдырымен танысу керек, олардың сезімдері арқылы өтіп, осы керемет эмоцияларды сезіне отырып оқу керек. Бірақ кітаптан өте күрделі және философиялық нәрсе күтуге болмайды. Тіпті өмір мен өлім мәселелері сияқты жұқа материялдарға қарамастан, кітап жеңіл тілде жазылған, бір деммен оқылып, ерекше махаббат романы ретінде қабылданады. Сіздерге осындай керемет кітапты оқуға кеңес беремін.

Назерке ДҮКЕНБАЙ,
Журналистика мамандығының
2 курс студенті



Сұлулықты суреттеген студент



Жанал Шаукен

Журналистика мамандығы 4 курс студенттерінің «Фотожурналистика» пәні бойынша ұйымдастырған фотокөрмесінің бүгінгі тақырыбы



Түлім Сағыздап



Тұмарым Бабасанова



Нүрия Батырбекова



Гүлім Оразмағамбетова



Дина Снауғұлова



Анай Жәніс



Инабат Назатыбай



Перизат Оңайбек



Тұмарым Бабажанова



НАУЫРЗЫМ ҚОРЫҒЫНА САЯХАТ



Заң факультеті қылмыстық құқық және процесс кафедрасының студенттері сабақтан тыс Қостанай облысының тарихи орындарымен танысып тұруды әдетке айналдырған. Осындай кезекті саяхат Науырзым ауданында орналасқан манызы зор орын Науырзым қорығы болды.

Аталмыш қорық – Қостанай облысының Науырзым және Әулікөл аудандарында орналасқан мемлекеттік қорық. Қорық жан-жануарлар дүниесіне бай: сүтқоректілердің 40-тан астам, құстардың 250-дей, қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 3 және балықтардың 10-ға жуық түрлері тіршілік етеді. Сондай-ақ, ор қоян, елік, борсық, түлкі, суыр сияқты тіршілік иелері мекендейді. Қорықтан аққу, безгелдек, дуадақ, ақ сұңқар, тарғақ сияқты саны жылдан-жылға азайып бара жатқан құстарды кездестіруге болады. Бұл аймақта су көздерінің мол болуы көктемде жыл

құстарының ұшып келуіне, ұя басуына мүмкіндік береді. Қорықта “Табиғат мұражайы” жұмыс істейді.

Дәл осы мұражайдың бай мұрасымен танысудан бастаған студенттер әрі қарай қызығушылықпен саяхаттады. Топ кураторы Лаура Нұрханова жетекшілік жасаған топ арнайы маманның берген ақпаратымен сусындап, қорықтың ішіндегі жан-жануарлар, өсімдік, жәндік сияқты әлемнен керекті, жаңа ақпараттар алды.

Одан әрі студенттер ауданнан 45 км шақырымда орналасқан арнайы бақша мен қорықтың арнайы қорғалатын жерлерін көрді. Бұлақтың зәм-зәм суынан ішіп, таза ауасымен тыныс алып, тұзды аймақты көріп, ағаш-қарағайдың ортасында жүріп жақсы әсерде болып қайтты.

Бұндай танымдық шаралар алда да жалғасын таппақ.





Білім көкжиегін кеңейту – ұстаздардың қолында

Бұл міндеттің жүзеге асуы мұғалімнің біліктілігі мен шәкірт алдындағы беделіне тікелей қатысты. Білімді де білгір, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдай алатын саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін талапқа сай арттыру мақсатында 2012 жылғы ақпан айында Білім және ғылым министрлігінде «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Қазіргі таңда Қазақстанның 14 облысы мен Астана, Алматы қалаларын біріктіретін «Өрлеу» БАҰО» АҚ басқармасы бірінші күннен-ақ білім беру жүйесінің сапасын арттыруға қатысты мәселелердің тиімді шешімдерін іскерлікпен қарастыруға күш салып келеді. Өткен айда біздің университетімізде біліктілікті жоғарлату мақсатында Ноғабаяв Еркін Оразақұлы оқу курсы жүргізді. Астана қаласындағы «Өрлеу» біліктілікті жоғарлату институтының оқытушысы ҚМУ оқытушыларымен бір жеті уақыт аралығында білім сапасын көтеруге қатысты түрлі әдіс-тәсілдермен бөлісті.

- Педагогикалық мамандардың біліктілігін арттырудың жаңа жүйесі немен ерекшеленеді?

- Соңғы жылдары Білім және ғылым министрлігі тарапынан ұстаздардың біліктілігін арттыру жүйесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл әрине жүректі жылытатын жайт. Бүгінгі таңда елімізде ұстаздар біліктілігін арттырудың икемді, кезеңді, үздіксіз жүйесі құрылған. Бұл жүйе ұстаздардың білімін көтеру қажеттілігін қамтамасыз етіп, кәсіби деңгейін шыңдауға ықпалын тигізуде.

Қоғамның өзгеруімен бірге ұстаздық қызметте де терең өзгерістер өтті. Ақпараттық технологиялар ғасырындағы жаңалықтардың көптігі ұстаз алдында үлкен міндеттер қояды. Заман ағымынан қалмау үшін мұғалім жинақы, жігерлі, өзгерістерге икемді болуы шарт. Сонымен қатар жыл сайын ұстаздың білім деңгейіне, кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігінің шыңдалуына қойылатын талаптар күшеюде.

- Ұстаздардың біліктілігін арттыру кезінде ұстаздарымыз нені үйренеді? Жас ұстаздар да оқи ма?

- Біліктілікті арттыру жүйесін онтайландыру барысында жас мамандарға үлкен көңіл бөліну кездейсоқтық емес. Жоғарғы оқу орынын енді бітірген жас ұстаздың қалыптасуы басқа мамандық иелерімен салыстырғанда қиынырақ. Өйткені жақсы ұстаз болу үшін аудиторияда алған теориялық білім аздық етеді. Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру тәжірибесі, курстан өткен біршама ұстаздардың кәсіби деңгейінің ұстаз алдында тұратын талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетті. Сол себептен ондай ұстаздармен жұмысты университет қабырғасында берілетін білімнің ең басынан бастап, курстың біраз уақыттын қайталаумен өткізуге тура келеді. Біліктілікті арттыру курстары ұстаздың белгілі мөлшердегі біліктілігі, білім деңгейі болғанда ғана жақсы нәтиже береді. «Біліктілікті арттыру» деп аталатыны да сондықтан емес пе?!

- Жаңа заман ұстазының болмысы қандай болуы қажет?

- Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауларында үнемі білім беру саласының ерекше маңыздылығын атап отырады. Сол себептен аталмыш салаға жүктелген жауапкершілік те үлкен. Елбасының қойған міндеттерін іске асыру мақсатында еліміздің білім саласын дамыту жұмыстарының қарқыны өсіп келеді. Біздің алдымызда

тұрған басты міндет – бүгінгі күннің заманауи, әмбебап ұстазын қалыптастыру.

Күнделікті өмірде сөйлеу мәнері мен әңгімелесу ырғағынан көпшілік ішінен мұғалімді бірден тануға болады. Тіпті мүлдем танымайтын адамның өзі азды көпті әңгімелескеннен кейін : «Сіз осы ұстаз емессіз бе?»-, деп мамандық иесін тез анықтайды. Сонда көзге көрінбейтін тайға басқан таңбадай негізгі айқындауыш болып тұратын не? Менің ойымша ол: әлеуметтік және дербес жауапкершілік, кішіпейілділік, көпшілік, жаналықтарға ашықтық, кімге болса да көмекке келуге өзіндік. Ұстаздық қызметке жанын бағыштағандардың бойындағы көпшілік ішінен бірден айқындайтын басым қасиеттер осылар екені хақ.

- Ұстаз мәртебесін көтеру үшін не істеуіміз керек?

- Өкінішке қарай кезінде дүркіреп тұрған ұстаз абыройы бір кездері өз күшін жоғалтып алды. Ал енді қоғамдағы ұстаз беделін қалай арттыруға болады? Ол бедел қандай аспектілерден тұрады? Бүгінгі әлемдік білім беру мен қоғам дамуының науқанын ескерсек, бұл мәселелердің өзектілігі мен маңыздылығын асыра айту қиын. Соңғы кездері республикамызда осы бағыт бойынша біраз шаралар өткізілді. Егер жұмыс берушілер, қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары атаулы жұмысқа белсенді атсалысса, қоғамда ұстаздардың жағымды бет-бейнесі қалыптасатыны сөзсіз. Бірақ осы тұста ұстаздың қоғамдағы беделі әуелі ұстаздың өзіне байланысты екенін айта кеткен жөн. Бұл мәселелерде басымдылықтарды дұрыс қойған жөн. Осы орайда қазіргі кезде негізгі басымдылық ұстаздың кәсіби шеберлігін дамытуға қойылып отырғанын ерекше атап өткім келеді.

- Біліктілікті арттыру курстарында ұстаз дәрісінің тәрбиелік тұсына қаншалықты көңіл бөлінеді?

- Біліктілікті арттыру курстар бағдарламасында бұл мәселенің әрине орыны бөлек. Ерекше көңіл бөлеміз. Сара Алпысқызы Назарбаева өзінің «Өмір этикасы» атты кітабында: «Ғасырлар тоғысында біздер тәрбиенің мәнін- баланы компьютер тетігін басып, ағылшын тілін үйретуге деп түсіндік. Осыларды меңгерген адам жаңа заман адамы деп ойладық! Сонда балаларға Отан сүйгіштікті, жақынына қамқор болуды, жақсы менен жаманды айыруды кім үйретпек?»,- деп жазады. Бұл сөздердің өзектілігі күн өткен сайын артып келеді. Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жүрегі-ұстаз» - деген екен. Дәл осы ұстаз - жастардың өмірге, қоғамға, мемлекетке деген көзқарасын қалыптастырушы басты тұлға. Заманауи ойлау қабілеті жетілген, өмірде өзін-өзі қалыптастыруға дайын, Отанын шынайы сүйетін және оның болашағын ойлайтын жастарды тәрбиелеу тек кәсіпқой ұстаздың қолынан келетіні анық. Ал біздің басты мақсат осындай кәсіпқой ұстаздарды қалыптастыру.

Осынау мәртебелі жетістікке институттың үлесі мол.

Өйткені білімді ұрпақты білікті ұстаз даярлайды. Ал білікті ұстазды бүгінгі таңда «Өрлеу» даярлайды. «Жақсы қолбасшы сарбазын тоздырмас» демекші, ұстаздар үшін игілікті істерді жүзеге асыруды басты кредосы санайтын «Өрлеу» педагог қызметкерлердің шеберлігін шыңдауда көшбасшылық рөлді атқарады.

Сұхбаттасқан Әйгерім ШАЯХМЕТОВА



Ózin-ózi kútetin qyzdýn 10 erejesi

Óz-ózin kútetin, kórkem, sándi arý ózine nazar aýdarpai qoimaidy. Al óziñe nazar aýdarty arqyly mahabbatta da, jumysta da, jalpy adamdarmen qarym-qatynasta da úlken jetistikterge jetýge bolady.

1. Kútilgen shash. Ádemi kútilgen shash – bul áiel adamnyñ áshekeii. Shashyñyzdýn saýlyg`yna asa nazar aýdaryñyz jáne árdaiym taza bolýyn qadag`alañyz.

2. Jarasymdy shash úlgisi. Kúndelikti kúrdeli shash úlgisin jasamasañyz da, shashyñyzdy túzep nemese sál buuralap qoisañyz jetkilikti.

3. Bet terisiniñ saýlyg`y. Bet terisiniñ kútimine jetkilikti túrde ýaqyt bólseñiz, makııaj tegis ári minsiz jatady. Taza saý teri – sizdiñ basty maqsatyñyz bolýy kerek.

4. Qoldar. Saýsaqtaryñyzg`a árdaiym kútim jasap júriñiz. Qol – adamnyñ bolmysyn sıpattady, eger qolyñyz jaqsy kútilgen bolsa – siz nag`yz hanymdardyñ qataryñdasyz.

5. Aıaqtar. Jyldyñ qai mezgili bolmasyn depııatsııa men pedikiır bolýy mindetti.

6. Tister. Saý, aq tister áielderdin g`ana emes, kez kelgen adamnyñ kórki. Qajet bolsa, tis dárigerine barýdy keiinge qaldyrmañyz. Sizdiñ kúliñiz qashyryp emes, jarqyrap turýy kerek.

7. Makııaj. Tym óreskel makııaj búginde sándi emes, sondyqtan, makııaj birkelki, tabig`ig`a jaqyn bolg`any abzal. Ekpin ne erinde, ne kózde bolýy tiis.

8. Qastar. Saldyr-salaq qas syrt kózge birden baiqalady, bet pishiniñiñ sánin keltiretin de – osy qastar. Sondyqtan qasqa ádemi pishin jasatý mañyzdy jáne ara-tura ony túzep otyrý qajet. Eger qalyñ qas belgili bir mezgilde sándi bolyp sanalyp, al sizdiñ qasyñyz tabig`atynan jinişke bolsa, tatýaj jasatyp, bet pishiniñizge syret salýdyñ qajeti joq. Mundai pishin sizge tipti jaraspaýy da múmkin. Óz kelbetiñizdiñ sulýlyg`yn kórip úreniñiz.

9. Júris. Ádemi, ásem júris – bul áiel adamnyñ qarýy. Jai g`ana júrip emes, óziñdi qundy zattai alyp júryñiz qajet. Ebedeisiz júris – kóptegen áielderdin sory. Sondyqtan, ásemdikke qushtar bolýyz. Búkireip, aıaqpen tyrpyldatyp, jerdi súzip júrydi dog`aryñyz. Terbetilip, ásem qozg`alatyn arý syrt kózge tartymdy, ózine senimdi kórinei.

10. Syrt kelbet. Beimeni baratyn jeriñizge sáikes tañdaý qajet. Eger siz óziñizge kim tañdai almaı júrgen bolsañyz, talg`amyñyz joq bolsa, sáñge bailanysty keñester beretin bag`darlamalary qarañyz.

Makııaj jasap úrenelik

Taza, jarasymdy, uqypty kiinýmen qatar bet- álpetti boıai bilý de kerek. Sondyqtan betke makııaj jasaýdyñ bimeshe úlgilerin usynbaqypyz.

Eñ aldymen óz bet pishiniñniñ ereksheigin eskergen jón. Durys jaýylgan boıaý seniñ kelbetiñdi ashyp, shashyñ men syrt pishiniñdi qaitalanbastai etip kórsetedi.

Makııaj kúndizgi, keshki, resmi iskerlik, merkelik jáne karnavaldyq bolyp bólinedi. Bul oraida sáñge elikteýdiñ keregi joq. Sulýlygyñdy asyryp, kemshiligindi jasyryp turatyn boıaý g`ana sándi bolmaq.

Kúndizgi makııaj

Tañerteñ úiden shyğarda jeñil g`ana boıangan durys. Bul seniñ qorshağan ortanyñ jağymsyz áserinen qorğanyshyñ bolmaq. Ony jasaýga 5-10 minýt qana ýaqyt ketedi. Betiñe jaýylgan kúndizgi iis mai (krem) teriniñ barlyq kemshiligin jasyrady.

Eger opa jaqqandy qalasañ teriñe tabig`i óñ berip turatyn tústi qoldaný kerek. Kóziñdi qanayq etip boıaýdyñ qajeti joq. Jeñil tabig`i tústi ten jaqqan jón. Kirpikke arnalğan sürme men kóz qaryndashatyn qalaýyñ boıynsha paidalan. Eger erniñe nazar aýdartyñ kelse, ony jiek qaryndashpen anyqtap jağý jetkilikti. Betiñizdiñ ushyna azdap qoñyrqai tústi jaqsañyz bolady.

Makııaj jasaý erejeleri

1. Makııaj jasağanda 2 túrli aına qoldanylady: úlkeitip jáne kishiretip kórsetetin.

2. Boıaýdy tek tazartylgan betke jağady. Betti aldyn ala saıyndap jyý nemese tazartqysh losonmen súrtý kerek.

3. Bette múrli jaralar bolğanda (ásirese irindi) boıaý jağýga bolmaidy. Ondai jağdaıda emdik boıaýdy qoldangan durys.

Boıaýdy jağý retı:

- iis maıdy qaq, qurğaq betke saýsaqtyñ ushymen jağyp, siñirý kerek. Maıly terige maısyz suıyq iis mai, al qurğaq terige jartylai maıly iis mai jağady da, azdan soñ iis maıdyñ artyğyn

alyp tastaý úshin betti qağaz súrtkishpen súrtedi;

- budan soñ teriñniñ túsimen úlesetin óñ berýshi quraldy jağamyz, óñ berýshi quraldy (tonaldy iis mai) mañdaıga, betke, iekke, muryñ men moıynğa tegistep jağady;

- bettiñ tabig`i túsiñe sai keletin bet dalabyn jağady. Ol bettiñ ushyna onyñ tabig`i túsimen astasyp ketetindei etip arnaiy qyl qalammen ne opa jağatyn úlpildekpen jağylý kerek;

- qaryndashpen erindi aınaldyra syzyp, dalap jağady;

- arnaiy qaryndashpen qasty syzady;

- kózge arnalğan qaryndashpen kóz qıyqtaryñ syzyp, kirpikke sürme jağady;

- soñgy kezeñ betti muquat opalap shyğý kerek.

Sizdiñ sulýlygyñyz tek makııajga g`ana emes, sonymen qatar sizdiñ tamaqtanyñyz, kún tártibiñizge de bailanysty. Eger bet teriñiz taza bolğanyñ qalasañyz, onda aldymen óziñizdiñ rasıonyñyzdy durys quryp alyñyz. Oğan sút, et tağamdaryñ, kókónister men jemis- jidekterdi engizip, sydy kóbirek ishýge tyrysý qajet. Bet terisin ájim basýdan saqtap qalý úshin, taza aýada kóp serýendep, kún tártibin saқтаған abzal. Uıqyñyzdyñ qanğany óte mañyzdy. Eresek adamdar úshin táyligine 7-8 sağat uıyqtan durys. Sondyqtan da kún tártibiñizdi rettep qurğanyñyz jón. Sportpen shuğyldanğan artyq bolmaidy.

Bet teriñizdiñ jastyğyn, ájim basýdan saqtap qalý úshin, balalarga arnalğan sabyn men iis maıyn paidalanğan jón. Al jas kóriný úshin salqyn tústi erin dalabyn qoldanýga bolady. Ony tañdağanda, teriñizdiñ jáne kóziñizdiñ túsiñe qarap tañdaýga bolady.

Qyzdar, árdaiym sulý da, tartymdy bolyp júriñizder. Eñ birinshi syrtqy sulýlyq, keiñ g`ana jan sulýlygy kózge túsetinin umytpaıñyzdar.

Nazerke Dukenbai
2 kýrs stýdenti

Балалық шақ

Адамның санасында мәңгі өшпестей із қалдыратын, ең керемет ғажайып сәттер есте қалатын шақ – балалық шақ. Ешқашан қайтып ораламайтын, тәтті естеліктерге ғана толы әлем. Өміріміздің осы кезеңінен сөз қозғасақ, ең алдымен ойымызға сәби шағымыз түседі. Әрине, ол кезден есімізде ештеңе қалмайды, тек әжеміздің, ата-анамыздың айтуымен біліп жүреміз. Сол айтылған қызықтардың ішінде мен үшін ең есте қалғаны – менің кішкентай кезімде ауыр болғаным соншалық, әкемнен басқа ешкімнің көтере бермейтіні. Және 6 айлық кезімде атамның қайтыс болғанын естігенмін. Атам қайтқанға дейін жылай беретін мазасыз бала болған көрінемін, содан кейін бірден жылауды қойып, тынышталған екенмін. Қазір ойлап отырсам, сәби жүрегім атамның кететінін сездіргендей деп ойлап қалам. Осы бір естеліктер қиналған кезде немесе қуанып отырғанда, сәби кезіне деген сағыныштың болады. Сол сезімді сезінгеннің өзі бір ганибет.

Содан кейін ұл-қыз боп бауырларыммен жалаң аяқ жарысып жүгіретін кездерім, жауған жаңбырдан кейінгі қатып қалған балшықтан үй құрайтынымыз, іші балдырға толы, суы лай өзеннен шықпайтынымыз, мектепке барғанда күнге қарайғаным соншалық формамыздың жараспай тұратыны, қасып-қасып әбден жара қылған аяғымның ашығаны есімде. Міне, бұл менің балалық кезім.

Өз балалық кезімді қазіргі туып жатқан іні-сіңілілеріммен салыстырсам мүлдем басқа. Қазір заман талабы дейміз, технологиялар заманы дейміз. Дегенмен де біздің телефонсыз, планшетсіз өткен бала шағымыз



Суретті түсірген Ермек Смагулов

әлдеқайда қызықтырақ екеніне сенімдімін.

«Балалық шақ – өмірдің ең бақытты кездері, тек балалар үшін ғана олай емес» деген Майкл Муроктың пікіріне көптеген адамдардың келісетіні сөзсіз. Бала күнімізде тезірек өсіп, ержеткіміз келеді. Ойша қиялдап, алдымызға мақсат қойып, сол мақсатқа жеткенше асық боламыз. Қамсыз шағымызды қиындығы мен қызығы қатар жүретін үлкен өмірге айырбастап жіберуге дайын тұрамыз.

Неге барлық адам тек балалық шаққа оралғысы келеді? Себебі, бұл шақ ең алаңсыз уақытымыз. Әр нәрсенің байы-бына бара бермейтін, достарымыздың, жақындарымыздың сөздерін жүрегімізге ауыр қабылдамайтын, адамды тани қоймайтын, ойымызда бірде-бір артық мәселе жоқ ең тәтті кезіміз. Сол себепті, әр адамға ол кез ыстық болады.

Осы орайда М.Мақатаевтың «Сәби болғым келеді, сәби болғым, Бұл өмірден хабарсыз жаңа туған» деген өлең жолдары еске түседі. Ал дәл қазіргі ойым, «Балалық шаққа» ұшақ билеті сатылса, ойланбастан 1 рейстан қалмай ұшып кетер едім...

Қабір басында

Атамның жылы болған күні Қарамайшыға барып қайттым. Алыстан көзге көрінгеннен-ақ көңіліне ой салатын, тұла бойыңды суытып, мына дүниені ұмытып жіберетін өлілердің мекені өзге орындардан ерекше. Әр жерде топырақ астында жатқан түрлі тағдырлар. Қасымдағы әйел адам да тура бір жыл бұрын енді келін әкеледі деген жалғыз баласын жанарынан қан ағызып осы мекенге жөнелткен. Көліктен түскен бетте тұңғышының тас үйін тырнақтарымен тазалап, суретке жабысқан топырақтарды қолымен қырып тазалап жатты.

Ананың махаббаты-ау... Қара жердің астындағы баласына деген махаббатын қара жердің үстінде тұрып-ақ білдіретін. Оның үстіне ұзақ күткен жалғыз ұлы екен. Мені көріп көзіне жас тұрмады... "жан баламнан айырылдым, қанша жыл күтіп едім" – деген сөздері жан дүниенді шымырлатып, жүрегінді шаншытып жібереді екен. Ұлын аңсаған сол анаға бала болғым кеп кетті. Шіркін, осы көріністі шарананы шырылдатып тастап кетіп жатқан кейбір аналар көрсе ғой. Шынымен бұрын ауылда үлкендер "Ата-анаға ең үлкен бақыт

– баласының өлгенін көрмеу" деп айтатын. Сол сөздің қадірін енді білгендеймін. Ай өмір-ай. «Жарқ еттің де жоқ болдың» деген осы ғой. Ақиқатында өлу үшін туылғанбыз ғой, десек те дүниенің қызылына алданып, тәттісіне мас боламыз, бірақ қанша дүниені қусақ та оған жетпейміз, керісінше бір күні байқамай одан озып кетеміз.

Егер баласының құрбан болатынын білген болса, анасы оны жанынан жібермес еді, ұлының ұзын жолда қысқа ғұмыры қиылатынын білген әке, оған көлік тізгінін бермес еді ғой. Бірақ бұл өмір. Өмір бар жерде өлу бар, өлу бар жерде көму бар, көмгеннен кейін көну бар. Аспандағы жұлдыздың түнде жарқырап тұрып таңда ағып түсетіні секілді, адамда өлместей күн кешіп жүріп өліп кете салады. Осындай ойға оранып Қарамайшыдан үйге қайттым. Бірақ бір күні бәріміздің де барып тұрып кері қайтпайтынымыз ақиқат.

Гүлшар БАҒЫТЖАН
ГӘФ журналистика мамандығының 2 курс студенті



«Салауатты ұлт – салауатты ұрпақ»



24 қараша күні университетіміздің «Сұңқар» спорткешенінде гуманитарлық-әлеуметтік факультет студенттері арасында волейболдан жарыс өтті. Сайыс Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай өткізілді. Әр курстан бір команда шығып, 4 топ қатысқан іс-шара «Салауатты ұлт – салауатты ұрпақ» деп аталды. Ұйымдастырушы журналистика мамандығының 4 курс студенті Алмас Байдрахман болса, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Олег Викторович Кононенко төрешілік етті. Тартысты өткен сайыста үшінші орынды төртінші курс студенттері алса, екінші орын үшінші курсқа бұйыңды. Ал жүлделі бірінші орынды ұйымшыл бірінші курс студенттерінің қанжығасына байланды. Жарыс соңында жеңімпаздар мақтау қағазымен марапатталды.

Алмас БАЙДРАХМАН
Журналистика мамандығының 4 курс студенті

